

#ӘділеттіҚазақстан

Еліміздің ішкі мәселесінде бірлік, ынтымақ және тийімді диалог негізгі басымдық саналады. Бүгінде еліміз ауқымды реформалар бағдарламасын жүзеге асырып, Әділетті Қазақстанды құруға кірісті.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

АВТООРТАЛЫҚ



MyCar
KULDZHINKA

2

ҚАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



АЛМАТЫ
АГЛОМЕРАЦИЯСЫ

8

ӨЗГЕЛЕРДІҢ ӨНЕГЕСІ



БУККРОССИНГ –
КІТАПХАНА

12

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

20.09.2022

Түнде:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+27+29 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

21.09.2022

Түнде:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+27+29 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 12 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №108 (6243) 20 қыркүйек, сейсенбі, 2022 жыл.

ӘКІМ

ЕҢ ҒАЖАП ҚАЛА

Шаһар басшысы Ерболат Досаев мегаполиске айрықша еңбегі сіңген тұлғаларды «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағымен марапаттады



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматы тұрғындары жылдағы дәстүр бойынша қыркүйектің үшінші жексенбісінде Қала күнін атап өтеді. Биылғы мереке де сән-салтанатпен көмкерілді. Тіпті, мерекелік іс-шаралар молынан, жылдағыдан өзгеше, ерекше болған секілді. Екі күн бойына Алматының сегіз ауданы да қыркүйектің күзгі шапағымен тербеліп тұрды. Жер-жерде түрлі мәдени, рухани фестивальдер, концерттер, көрмелер сән-салтанат құрды.

6-7

СПОРТ

АЛМАТЫДА ӘЛЕМДІК ДОДА ӨТЕДІ



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Халықаралық хоккей федерациясының президенті Люк Тардифпен кездесті.

10

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы БҰҰ Бас Ассамблеясының 77-сессиясына қатысу үшін Нью-Йоркке жұмыс сапарымен барды.
- Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының Жалпы дебатында сөз сөйлейді.
- Қазақстанда тұтынушылардың құқықтарын қорғайтын омбудсмен пайда болады.
- Алматыда мемлекеттік аппаратты бюрократиясыздандырудың бес принципі талқыланды.
- Қазақстанның 16 өңірінде бала құқығы жөніндегі омбудсмендер тағайындалды.
- 2023 жылы қазақстандық оқушылар ҰБТ-ны екі рет тапсыра алады.
- 20-22 қыркүйекте Алматыда «NEW SILK WAY» V Халықаралық көлік-логистикалық бизнес форумы өтеді.
- 25-26 қыркүйекте Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармонияда алғаш рет халықаралық «Дирижерлер шеруі» фестивалі өтеді.
- Жібек Құламбаева Италиядағы ITF W25 турнирінің жеңімпазы атанды.
- Еліміздің бірқатар өңірінде 3 градус үсік жүреді.
- Жол жөндеу жұмыстарына байланысты Саин көшесінде көлік жүрісі 19-25 қыркүйекте уақытша шектеледі.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 (707) 932-39-18 телефондары бойынша хабарласыңыз!



ІРІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ИНВЕСТОР

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев пен ЕҚДБ вице-президенті Алан Пию ынтымақтастық перспективаларын талқылады

Еуропа Қайта Құру және даму банкінің (ЕҚДБ) вице-президенті Алан Пию, Орталық Азия бойынша басқарушы директор Жужанна Харгитай және ЕҚДБ-ның Қазақстан бойынша директоры Хусейн Озханның қатысуымен өткен кездесуде «жасыл» жобаларды іске асыру, сондай-ақ «жасыл бондтарды» шығару арқылы қаланың инфрақұрылымын жақсарту жөніндегі бағдарламаларды бірлесіп қаржыландыру мәселелері жан-жақты талқыланды.

Кездесу барысында экологиялық мәселелерге ерекше назар аударылды. ЕҚДБ вице-президенті Алан Пию «Жасыл қала» іс-қимыл жоспарын таныстырды, онда мемлекеттік органдармен бірлесіп экологиялық мәселелерді шешу үшін жобалар пулы анықталды. Алматы ЖЭО-2-ні көмірден газға көшіру қала үшін негізгі жоба болмақ, мұнда ЕҚДБ кредиторлардың бірі болып табылады. Тараптар 2-ЖЭО модернизациялауды іске асыру барысын талқылады.

«Жасыл қала» іс-қимыл жоспары бағыттарының бірі қалалық инфрақұрылым мен «Цифрлық көшірме» жобасы процесстерінің жоғары дәлдіктегі цифрлық көшірмесін жасау екені белгіленді. Жүйе климаттың өзгеруі, қоғамдық көлік, халықтың өсуі



және т.б. мәселелерді қоса алғанда, әртүрлі жағдайларда инфрақұрылымды стресстестілеу деректерін өңдеуге арналған платформа болып табылады.

Кездесу барысында бірлескен қаржыландыру мәселелері талқыланды. Елімізде жүргізіліп жатқан реформалар мегаполиске қаржыландырудың жаңа тетігі – «жасыл» облигацияларды іске қосуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, тараптар Алматыда энергия тиімділігі және энергия үнемдеу, су, жылу шығындарын азайту үшін инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту және т.б. бойынша ESG-жобаларын іске асыру мәселелеріне де тоқталды.

Қала әкімі Ерболат Досаев ЕҚДБ 30 жыл бойы Қазақстан мен Алматы үшін ірі стратегиялық инвестор болып табылатынын атап өтті. Ол ЕҚДБ командасына бел-

сенді ынтымақтастығы үшін алғыс білдірді, «Жасыл қала» өзекті бағыты бойынша Банкпен өзара іс-қимылды жалғастыруға дайын екенін растады.

Кездесу соңында тараптар алдағы жұмыстың басым бағыттарын және белсенді ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне шығу жолдарын талқылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



MyCar KULDZHINKA көлік орталығы



Алматы қаласында Орталық Азия бойынша ірі көпфункционалды автоорталық жұмыс істей бастады. Оның ресми ашылу рәсіміне Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қатысты.

Аумағы 30 мың ш.м автоорталықта бір мезгілде 700 жүрілген автокөлік және ресми дилерлік орталықтардан – BMW, Changan, Chery, Navai және Hyundai брендтерінен жаңа 50 автомобиль ұсынылуы мүмкін. Сонымен қатар,

автоорталықтың жанындағы ашық алаңда тағы 800 автокөлік қойылады.

MyCar Kuldzhinka автоорталығы – бұл сауда ойын-сауық орталықтарын басқарудағы және автомобиль ритейліндегі инвестордың тәжірибесін біріктіретін жаңа концепт.

Автоорталықтың экожүйесі клиенттерге «бір терезе қағидаты бойынша» жаңа автокөлік, сонымен қатар, кез келген бағада заңды және техникалық тексеруден өткен жүрілген автокөлік сатып алуға, оны есепке қоюға және мемлекеттік нөмір алуға мүмкіндік береді. Автоорталықтың мәміленің заңдылығына және жасырын ақаулардың болмауына кепілдік беруі автошопингтің бұл тәсілі автокөлікті қолдан сатып алудың тиімділігін арттырады.

Алматыда өңірдегі ірі көпфункционалды автоорталықтың ашылуы автомобильдердің қайталама нарығының ашықтығын арттыруға, экономиканың осы секторын көлеңкеден шығаруға ықпал етеді, сонымен бірге сатушылар мен сатып алушылар үшін мәмілелер жүргізудің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді деп күтілуде.

Автоорталық бір мезетте күніне 500 клиентке дейін қызмет көрсете алады, әлеуетті сату көлемі – жылына 18 000 автокөлік.

Автоорталықтың құрылысына инвестиция 21 млрд теңге жұмсалды, онда 600-ден астам адам жұмыс орнымен қамтылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ЮНЕСКО



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҒАЛЫМДАР БАС ҚОСТЫ

Кеше Алматыда «Ғылыми білім және тарихи жады мәселелері: жергілікті және жан-жақты» атты білім мәдениетін қолдауға бағытталған III Халықаралық конференция өтті.

«Мәдениеттерді жақындастыру халықаралық онжылдығы» (2013–2022) және ЮНЕСКО-ның білім құруға бағытталған идеяларын практикалық іске асыру аясында конференцияны ЮНЕСКО қамқорлығындағы аты аңызға айналған ақын және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов басқаратын Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығы мен ҚР БҒМ Философия, саясаттану және дінтану институты бірлесіп ұйымдастырды.

Конференцияда ғылыми білімді, оның шекаралары мен тарихи жадыны қалыптастыру факторларын түсіну ұсынылды. Сонымен қатар, жиын аясында ұсынылған тақырыпты Орталық Азия қоғамының өңірлік жағдайында XX–XXI ғасырлардағы кросс-мәдени келешегін зерттеу, оның даму себептерін анықтау мақсаты болды.

Жалпы, конференция барысында білімнің факторлары мен деңгейлері, тарихи жадының ақпараттық алаңы және жады саясаты мен

қоғамдық сана мәселелері талқыланды.

«Бүгінгі конференцияның тақырыбын ғылыми зерттеу қажет. Себебі, әртүрлі дәуірлердегі зорлық-зомбылықтың өршуі көбінесе тарихи жады қақтығыстардан басталады. Өйткені, бұл әртүрлі әлеуметтік топтардың өзіндік ерекшелігі мен субьективтілігін қалыптастырудың негізі болып табылатын тарихи ғылым. Азияның қазіргі заманғы қоғамдарының тарихи ғылымы. Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық онжылдығы мақсаттарына қол жеткізудегі іс-әрекеттің практикалық бағыттарының бірі. «Мифтерді жоққа шығару және жаңсақ пікірлер мен таптаурындардан арылу мақсатындағы тарихи білім беру» болып айқындалған. Осыған байланысты тарихи жадыны қалыптастырудағы ғылыми білімді, оның шекарасын және факторларын түсінуіміз қажет деп санаймын», – деп атап өтті Олжас Сүлейменов.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ЖОЛДАУ–2022

МІНСІЗ ҚЫЗМЕТ – МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ

**Мемлекеттік аппаратты
бюрократиясыздандырудың бес принципі**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Ильдар Үйсінбаев Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингіне қатысты. Спикердің айтуынша, мемлекеттік аппарат жұмысының басымдығы формасында емес, мазмұнында.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Жолауында еліміздің дамуын мейлінше тежейтін шектен тыс бюрократиялануды жүйелі түрде жойып отыру қажеттігі туралы айтылған болатын. Ал 14 сәуірде Президент «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиясыздандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

«Қабылданып жатқан шаралар мемлекеттік аппаратта шешімдер қабылдау тиімділігін арттыруға, атқарушы билік қызметінің шамадан тыс заңнамалық регламенттелуін болдырмауға, құжат айналымын, есептілікті қысқартуға мүмкіндік береді», – деді Ильдар Үйсінбаев.

Осы бағыт бойынша бюрократиясыздандырудың негізгі принциптері анықталды.

Бірінші – жұмыстың нақты нәтижесінің болуы;

Екінші – мемлекеттік органдардың азаматтармен, бизнеспен және бір-бірімен өзара цифрлық форматта байланыс жасауы;

Үшінші – нақты басшының құзыретіне кіретін шешімдерді қабылдау мен мәселелерді келісуді жоға-

ры тұрған деңгейдегі және алқалы органдарға беруге жол берілмейтіні;

Төртінші – үздіксіз жетілдіру, жүйелі реинжинирингке және ішкі рәсімдер мен процестерді оңтайландыруға ынталандыратын ұйымдастырушылық мәдениетін қолдау;

Бесінші – мемлекеттік органдардың қызметін регламенттеудің оңтайлы деңгейін белгілеу.

«Аталған Жарлықтың 14-тармағына сәйкес, Агенттікке мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту мәселелері бойынша мониторинг пен талдауды, мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін зерделеп, олардың нәтижелерін жартыжылдық негізде ҚР Президентінің Әкімшілігіне енгізе отырып, қамтамасыз етеді», – деп жалғастырды Ильдар Үйсінбаев.

Департамент басшысының айтуынша, олар мониторинг пен талдауларды үнемі жүргізіп отырады. Мұндағы мақсат – мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволық ұйымдарының азаматтарға қызмет көрсетуден негізсіз бас тартуына, азаматтардың жұмыстарын уақытында бітіріп бермей, мерзімін негізсіз созуларына, артық құжаттарды талап етуіне, азаматтардың өтініштерін уақытында қарастырмау секілді бюрократияға жол бермеу.



Жүргізілген жұмыстар әкімшілік, цифрлық және құқықтық кедергілерді, артық, негізсіз талаптарды немесе шығындарды, жалған және ақталмаған қызметті, оның ішінде әкімшілік рәсімді жүзеге асыруға байланысты және басқаларды болдырмауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты фокус-топ құрылды, оның құрамына біздің департаменттің өкілдері, министрліктің барлық жергілікті атқарушы органдары мен аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері, шақырылған сарапшылар мен түрлі білім салаларының мамандары, азаматтық қоғам өкілдері кірді.

Атап айтқанда, денсаулық сақтау, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, білім беру салаларында бюрократиясыздандыру мәселелері бойынша жұмыс топтары құрылды, олардың құрамына біздің департаменттің өкілдері, министрліктің барлық жергілікті атқарушы органдары мен аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері, шақырылған сарапшылар мен түрлі білім салаларының мамандары, азаматтық қоғам өкілдері кірді.

АНИМАЦИЯ

Қазақ және түркі анимациясының негізін қалаушы Әмен Қайдаровтың 100 жылдығына арналған шағын анимациялық хикая түсірілуде. Белгілі тұлғаның өмірінің бірнеше негізгі фрагменттеріне негізделген қысқаметрлі анимациялық фильм әзірге «Әмен ағаның ғажайып ағашы» деп аталады.



Әмен Қайдаровтың ғажайып ағашы



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Аталмыш картина Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша түсірілуде. Сценарийін Әмен Қайдаровтың шәкірті Тамара Мұқанова мен қазақ мифологиясын зерттеуші, жазушы, киносценарист Зира Наурызбаева жазған.

«Фильм желісі Әмен ағаның Бауыржан Нәзербековтің «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» фильмінде жұмыс істеген жылдарымен тікелей байланысты. Ол кісіге шабыт қалай келгені, түсірілім кезіндегі басты кешірген қиыншылықтары мен қызықтары жайлы баяндалады. Негізгі мәліметтер мен әдеби деректер көзі Б.Нәзербековтің «Қозда оживаеет сказки» кітабынан алынды. Таспаның атауы да тұқымын егін, өсірген қазақ анимациялық ағашының бейнесімен байланысты. Фильм тармақты тәжі аспанға жеткен ерекше алма ағашының ақ-қара сызбасынан баста-

лады, желден дірілдеген үлкен жапырақтары мен жердің қалыңдығында жоғалған тамырлар. Әмен аға ағашының ерекшелігі де сол. Мұқият зерттегенде, алмалар дөңселек қаңылтыр жәшіктер болып шығады (ол кездегі фильмдер дөңселек қаңылтыр жәшіктерде сақталған)», – дейді фильмнің коюшы-режиссері Жанәділ Байдарбеков.

«Әмен ағаның ғажайып ағашын» жасауға оншақты маман жұмылдырылған. Туынды жыл соңына дейін аяқталуы мүмкін.

«Жалпы, 10 минуттық фильм жасауға кемінде жарты жыл уақыт кетеді. Қазір бізде техникалық тұрғыдан біраз қиындық бар. Себебі, суретте тек мультфильм жасаушыларды ғана емес, Әмен ағаның жанында жұмыс істеген атақты суретшілер, танымал композиторлар – Нұрғиса Тілендиев, Олжас Сүлейменов сынды көрнекті қайраткерлердің образын, түр-әлпетін барынша ұқсатып келтіру үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр», – дейді режиссер.

Жаңа анимациялық фильм бізге алдағы жылдың көктем айында Әмен Қайдаровтың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында ұсынылады.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

94 мыңға жуық гүл жойылды

«Астана» алаңында Gakku Dauysy 2022 фестивалі кезінде көрермендер іргелес аумақтағы жасыл желектерге айтарлықтай зиян келтірген.



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Экология және қоршаған орта басқармасының бағалауы бойынша, шығын сомасы 13 млн теңгеден асты – бір жылдық, көп жылдық бұталар мен гүлдер, оның ішінде қаланың жақын маңдағы гүлзарындағы раушандар жойылды. Барлығы 94 мыңға жуық гүл тапталып кеткен.

– 913 шаршы метр біржылдық өсімдіктер,

– 326 шаршы метр көпжылдық өсімдіктер,

– 117 шаршы метр раушан гүлдер.

Алмалы ауданы әкімдігінің мәліметі бойынша 13 орындық, 1 жарық бағанасы, гранит урнасы мен екі камераның негізі қираған.

Сондықтан Алматы қаласының әкімдігі еліміздің мәдени орталығы болып табылатын мегаполистің тұрғындары мен қонақтарынан жасыл желектерге және гүлдерге ұқыпты қарауды, сондай-ақ қаланы абаттандыру мен көгалдандырумен айналысатын қызметкерлердің еңбегін құрметтеуді сұрайды. Келтірілген залал қала әкімдігінің күшімен қалпына келтіріледі. Жаңа өсімдіктер қысқа мерзімде отырғызылады.

Күн сайын қала аумағын суару мен көгалдандыру жұмыстарына 300-ге жуық маман мен 80-нен аса арнайы техника жұмылдырылады.

Ағымдағы жылы декоративті көгалдандырудың жалпы аумағы 159 мың шаршы метрді құрайды, ал газон аумағы – 26 мың шаршы метр.





ЖАСТАР АЛАҢЫ

«СТУДЕНТТЕР ҚАТАРЫНА ҚАБЫЛДАУ»

салтанатты кеші өтті



Қазақ білімінің қарашаңырағы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде биылғы бірінші курстықтарды «Студенттер қатарына қабылдау» салтанатты кеші өтті. Әл-Фараби ескерткіші алдындағы Жастар алаңында өткен шараға Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев бастаған белгілі тұлғалар, ғалымдар мен жазушылар, университет оқытушылары мен студенттері қатысты. Дәстүрлі мереке 1-курс студенттерінің шеруімен басталды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алғаш рет университетке арнайы келіп, университетті дамыту жөнінде бірқатар тапсырмалар берді.

Жақында Үкімет қаулысымен ҚазҰУ-ға

зерттеу университеті мәртебесі беріліп, Мемлекет басшысының қолдауымен Түркияның Ыстамбұл қаласында және Қырғыз Республикасының астанасы Бішкекте ҚазҰУ филиалдары ашылды. Сонымен қатар, биылғы жылы ҚазҰУ-да ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің қатысуымен Ресейдің МИФИ Ұлттық ядролық зерттеу университетінің филиалы ашылып отыр. Қазіргі таңда университетте 25 мыңға жуық студент оқыса, олардың 2,5 мыңға жуығы әлемнің 50 елінен келген шетелдік студенттер. Мерекелі кеш барысында университет басшысы Ж.Түймебаев:


– Университеттегі факультеттер, кафедралар, ғылыми-зерттеу институттары, инновациялық зертханалар мен ғылыми орталықтардың барлығы сіздердің толыққанды білім алуларыңызға қызмет етеді. Өткен жылдан бері жатақханалар мен оқу корпусы күрделі жөндеуден өтсе, бұл жұмыстар биыл да жалғасуда. Ең бастысы, алдағы уақытта жаңа жатақхана салу жоспарда бар. Осы игіліктерді дұрыс пайдаланыңыздар. Ғылымды игеріп, білікті маман болыңыздар, – деп, жастарды уақытты тиімді пайдалануға шақырды.

Сонымен қатар, Білім кілтін табыстау рәсімі де жаңа технологияларды пайдалана отырып жүзеге асты. 1-курс студенттері сахнадан дербес QR-кодты сканерлеп, ерекше сәтке белсене атсалысты. «Ұлытау» этно-рок тобы, әнші Гүлнұр Оразымбетова, танымал жастар орындаушысы MALIKAYES, «Меломен» тобымен қатар, талантты, креативті жастар да өз өнерлерін көрсетті. Бұл күні химия және химиялық технологиялар, биология және биотехнологиялар факультеттерінің студенттері университет ғалымдарының ғылыми жаңалықтарының тұсаукесерін өткізді. Бүгінгі таңда ҚазҰУ әлемдік рейтингтегі көшбасшы оқу орындарының қатарына еніп, әлемдік рейтингте 150-орынға көтерілді.

ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ТАЗАЛЫҚ КҮНІ

Алматыдан 131 тонна қоқыс шығарылды

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жыл сайын қыркүйектің үшінші сенбісінде өтетін «World Cleanup day» Дүниежүзілік тазалық күні биыл алматылықтардың Қала күні мерекесімен тұспа-тұс келді.

Алматының барлық сегіз ауданында ұйымдастырылған сенбілікке туған жерінің экологиялық жағдайына немқұрайлы қарамайтын мыңдаған белсенді қатысты. «Миллиондаған адам қоғамдық орындарды тазалауға шығатын тазалық шарасы дүние жүзі бойынша өтеді. Алматылықтар да жылдағы дәстүрден жаңылмай, жаһандық акцияға белсене қатысуда. Мұндағы мақсат – жұртшылық назарын қоршаған орта тазалығына, экологиялық өмір салтын ұстануға аудару» дейді ұйымдастырушылар.

Экология басқармасы мамандарының айтуынша, сенбілікке қатысқан табиғат жанашырлары қолғап, сыпыртқы, тырма, қап, тағы сол секілді қоқыс жинауға қажетті құралдардың барлығымен қамтамасыз етілген.

2070-тен астам адам қатысқан сенбілікте қала сыртына 131 тонна қоқыс шығарылған.

Жаһандық акция әл-Фараби даңғылының оңтүстігіндегі Үлкен Алматы өзенінің жағалауын тазалаудан басталып, барлық аудандарда жалғасты. Мәселен, Алатау ауданындағы «Әйгерім» ықшамауданының аймағын тазалау жұмыстарына индустриалдық аймақтағы заңды тұлғалардың барлығы қатысты. Шараға 335 адам, 29 құрал-жабдықтар мен техника жұмылдырылып, аймақтан 25 тонна қоқыс шығарылды.

Алмалы ауданында Төле би мен Райымбек арасындағы Үлкен Алматы өзенінің шығыс жағалауын тазалауға 150 адам қатысып, 5 техника бөлінген. Олар 15 тонна қоқыс шығарды. Өуезов ауданында Сайран көлі мен Үлкен Алматы өзенінің батыс жағалаулары, Жандосов көшесінің оңтүстігі қоқыстардан арылып, сынған бұталар мен қураған жапырақтардан тазарды. 150 қала тұрғыны қатысқан тазалық шарасына 5 техниканың көмегімен 4 тонна қоқыс жиналды.

Тазалық шарасынан Бостандық ауданының тұрғындары да шет қалмады. Абай мен Өтегенов көшелерінің арасындағы Үлкен Алматы өзенінің жағалауын тазалауға 620 адам қатысып, 16 техника жұмылдырылды. 34 тонна қоқыс шығарылды.

Жетісу ауданының белсенділері Ратушский көшесі, 90 мекенжайындағы иесіз аймақты, сондай-ақ, Солтүстік айналма көшесінің «Көкмайса» ықшамауданынан Жұмабаев көшесіне дейінгі іргелес аймақты тазартты. 15 техника жұмылдырылған акцияға 200 адам қатысып, 15 тонна қоқыс шығарды.

Қала тазалығы мен қоршаған ортаға қамқорлық танытуға Медеу мен Түркісіб, Наурызбай аудандарының белсенділері де білек сыбана кірісті. Медеуліктер «Бутаковканың» жағалауын тазартса, наурызбайлықтар «Барлық» базарынан Жуалы көшесіне дейін, түркісібіктер «Желтоқсан» саябағынан бастап Монтажная, Свободная көшелерінің бойын, «Пархач» көлінің жағасын, «Қайрат» ықшамауданындағы иесіз учаскелердің аймағын тап-тұйнақтай етіп тазалап шықты.

Жергілікті әкімдік өкілдері бастап, қала белсенділері қолтаптап өткізген тазалық акциясында ұйымдастырушылар қоршаған ортаға деген жауапкершілігі үшін алматылықтарға алғыс айтты.

Сенбінің таңын сергектіктен бастаған алматылықтар күндіз көшесін тазалап, кешке қарай сүйікті Алматысының туған күнін тойлауға орталық алаңдарда өтетін мерекелік шараларға жол тартты.

ҚАЛАЛЫҚТАР
ҚАПЕРІНЕ!КӨЛІК
ҚОЗҒАЛЫСЫ
ШЕКТЕЛЕДІАйжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматыда жол жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты кейбір жол бөліктерінде қозғалыс шектеледі.

Саин көшесінің келесі бөліктерінде:

- Саин көшесінің батыс бетінде Жандосов көшесінен Торайғыров көшесіне дейін – 20 қыркүйекте, сағат 21.00 мен 21 қыркүйектегі сағат 06.00 аралығында және 21 қыркүйекте, сағат 21.00 мен 22 қыркүйектегі сағат 06.00 аралығында;

- Саин көшесінің Шығыс бетінде Жандосов көшесінен Торайғыров көшесіне дейінгі бөлігі – 23 қыркүйекте, сағат 21.00 мен 24 қыркүйектегі сағат 06.00 және 24 қыркүйекте, сағат 21.00 мен 25 қыркүйектегі сағат 06.00 аралығында көлік қозғалысы уақытша шектеледі.

«Аталған жұмыстар орташа жол жөндеу жұмыстары аясында жоспарланған. Келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім өтініміз және жол жүру бағыттарыңызды алдын ала жоспарлауларыңызды сұраймыз», – делінген хабарламада.



ЖОЛДАУ-2022

Шухрад ШАРДИНОВ,
Алматы мәслихатының депутаты, Amanat партиясы фракциясының мүшесі:

ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТТЫҢ НЕГІЗІ



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев
«Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі
қоғам» Жолдауында дамудың негізгі
бағыттарын айқындап берді.

экономикаға шектен тыс араласудан бас тарту. Осы жерде атап өткім келетіні, әлемнің дамыған экономикаларының қалыптасуын талдау мемлекет экономика салаларын кәсіпкерлік ортаға, яғни бәсекелестік ортаға беретінін көрсетеді. Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі бойынша әлем елдерінің рейтингінде «Компаниялардың бәсекеге қабілеттілігі» деген жеке көрсеткіш бар. Бұл мемлекеттің экономикаға араласуын азайтудың қиындығын маңызды екенін көрсетеді.

• Екінші. Бәсекелестікті дамыту, яғни барлығына тең мүмкіндіктер беру.

Осы орайда назар аударғым келетіні, стартап ашуға, жұмыс істеп тұрған бизнесті кеңейтуге немесе кәсіпкерлікте жаңа бағыттарды ашуға бірдей мүмкіндіктер болған кезде қуатты экономика қалыптасады. Тұрақты экономика – шағын және орта бизнестің үлкен секторы қалыптасқан экономика екенін біріміз жақсы білеміз. Қазақ-

станда жұмыс істеп тұрған шағын, орта кәсіпорындардың жалпы саны 1,4 миллион субъектіге жетті, бұл салада жұмыс істейтін адамдар саны 3,5 миллионды құрайды. Осы ретте бұл көрсеткіш санмен ғана өлшенбейтінін, ең бастысы – кәсіпорындардың сапасы мен тұрақтылығы екенін атап өткім келеді.

• Үшінші. Ұлттық табысты әділ бөлу. Президенттің балалар капиталын қалыптастыру туралы шешімінің стратегиялық маңызы бар деп есептеймін. Өйткені, балалар – біздің кемел келешегіміз. Еліміздің барлық баласы кәмілетке толғанға дейін жоғары оқу орындарына немесе баспанаға бастапқы капитал алады. Бұл мемлекеттік қолдау шарасы Қазақстандағы отбасыларға тікелей көмек көрсетеді.

Қорытындылай келгенде, Жолдау ел дамуының сапалы жаңа моделін жүзеге асыруды, Қазақстанның ұзақ мерзімді экономикалық өсімінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Жаңа Жолдау экономикалық жүйені жаңғыртудың кешенді және тұжырымдамалық тәсілдерімен ерекшеленеді. Наурыздағы Жолдау барысында Мемлекет басшысы қыркүйекте Қазақстанды одан әрі дамытудың негізгі ұсыныстары мен қағидаттарын ұсынатынын мәлімдеген болатын. Президенттің отандастарымыздың игілігіне бағытталған саяси прагматизмін, жүйелі жұмысы мен айқын мақсаттарын көріп отырмыз.

Экономикалық мәселелерді шешу және салалар арасындағы тиімді тетіктерді құру үшін Жаңа экономикалық саясат принциптері ұсынылды.

• Бірінші. Кәсіпкерлік бастаманы ынталандыру, мемлекеттік капитализмнен және



ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫ: НАҚТЫ ҚАДАМДАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың
«Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты
Қазақстан халқына Жолдауын Қазақ онкология және
радиология ғылыми-зерттеу институтының ұжымы да
жан-жақты талқылады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алқалы жиынды Amanat партиясының Алматы аудандық филиалы ұйымдастырып, оған Алматы қаласы мәслихатының депутаты Әсия Ақанова, Amanat партиясы Алматы аудандық филиалының партиялық бақылау комиссиясының төрағасы, «KazComfort» ЖШС директоры Махамбет Асабаев және дәрігерлер қатысты. Ақ халаттылар Жолдауда ауқымды мәселелердің қамтылғанын айта келіп, онда денсаулық саласына ерекше көңіл бөлінгенін атап өтті.

– Мемлекет басшысы өз Жолдауында ұлт әлеуетін арттыруда шешуші рөл атқаратын денсаулық саласын дамыту мәселесіне ерекше тоқталды. Маңызды құжатта еліміздегі 650 елдімекенде емдеу мекемесінің жоқ екендігі, алдағы екі

жылда бұл ауылдарда медициналық және фельдшерлік-акушерлік бөлімшелер салынатыны, қажетті құрал-жабдықпен толық қамтамасыз етілетіні айтылды. Бұл әлбетте, шалғай ауылдардағы халықтың денсаулығын түзеуге үлкен қамқорлық. Яғни бір миллионнан астам адамның алғашқы медициналық-санитарлық көмек алуына мүмкіндік жасалады деген сөз. Жалпы, медицина саласына мегаполисті дамытуға бағытталған Алматы қаласының 2025 жылға дейінгі дамыту бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалары жөніндегі қалалық мәслихаттың сессиясында ерекше назар аударылған, – деді мәслихат депутаты Әсия Ақанова.

Жиында ақжелен киген абзал жандар Мемлекет басшысы Жолдауының міндеттерін талқылап, алдағы уақытта осы қадамдар бойынша атқарылатын жұмыстар жүзеге асатынына сенім білдірді.



Әділ ЖҮНИСОВ, саясаттанушы:

БАҒДАР – АЙҚЫН, МАҚСАТ – МІНСІЗ

1 қыркүйек күні Парламенттің қос палатасының бірлескен отырысында Президент халыққа Жолдауын жария етті. Үндеуде балалар туралы жақсы бастамалар айтылды. Нақтырақ айтқанда, алдағы уақытта ұлттық кордың 50%-ы туылған бала 18 жасқа толғанша жеке шотына аударылып отырылатын болады. Бұл өте керемет, өйткені біз болашағымызға көп көңіл бөліп жатырмыз. Егер болашағымызға алаңдайтын болсақ, онда балалардан бастау керек. Президенттің Жолдауы біздің әлеуметтік өмірімізді жақсартуға бағытталған болатын. Студенттер мен өсіп келе жатқан балаларға көп көңіл бөлінді. Дұрыс! Себебі, қызыл дипломы бар кейбір жас мамандар базарларда



жұмыс істеп, күндерін көріп жатыр және сауда үйлерінде немесе күзетте жұмыс істейді. Қазір барлық жастарды мамандық бойынша жұмыспен қамту үшін өндірістік күштерді бөлуді ойластыру керек.

Анар ТЫЛАХМЕТОВА,
Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология
институтының кіші ғылыми қызметкері:

ДАМУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылдың 1 қыркүйегінде «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты кезекті Жолдауында еліміздің экономикалық саясатының сапалы дамуына, мемлекеттік басқару ісінің қайта жаңғыруына, сонымен қатар өнеркәсіп, білім мен ғылым, отандық бизнес салаларының да өзекті де маңызды мәселелеріне тоқталды.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арналған Жолдауының негізгі бөлігінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму жолына басымдық бере отырып, «Жаңа экономикалық саясат», «Нақты секторды дамыту», «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция», «Мемлекеттік басқару ісін қайта жаңғырту», «Заң және тәртіп» секілді бес нақты бағдарға бөлген.

Президент өз Жолдауында халықтың әл-ауқатын арттыруды алға тарта отырып, жаңа экономикалық бағдардың басты бағыты ретінде жеке кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыруды, барлық адамдарға бірдей мүмкіндік беру арқылы бәсекелестікті дамытуды, сонымен қатар, ұлттық табысты әділ бөлу секілді кезек күттірмейтін басты міндеттерді атап өтті. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы көкейкесті мәселе ретінде ұлттық кордың қаржысын тиімсіз жұмсау тоқтатылатыны жайында: «Ұлттық кордың қаржысын тиімсіз жұмсау тоқтатылады. Бұл – өте өзекті мәселе. Кордың қаражатын аса қажет инфрақұрылымды дамытуға және еліміз үшін маңызы зор жобаларды қаржыландыруға жұмсаймыз», – деп, Ұлттық кордың басты қызметі мен оны ұтымды пайдалану жолын қадап айтты.

Жолдаудың «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» атты үшінші бағдарында еліміздің

басты құндылығы ретінде адам капиталына ерекше баға берілген. Бұл бағдарда қоғамның орнықты даму жолындағы ұлт саулығына, яғни денсаулық сақтау саласына баса мән беру керектігі сараланады. Бүгінгі таңдағы сақтандыру жүйесінің тиімділігі төмендеп, көпшілік халықтың медициналық қызметті толық көлемде ала алмай отырған кемшіліктердің келелі тұстарын сынға алды. Аталған олқылықтардың алдын алу негізінде ерікті медициналық сақтандыру жүйесін енгізу мәселесін көтерді. Президент Үкіметке денсаулық сақтау саласын және жалпы әлеуметтік саланы қаржыландыру жүйесін қайта қарауды нақты тапсырды.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын арттыруда жетекші рөл атқаратыны баршамамызға мәлім. Сол себепті, Қ.К.Тоқаев ұлт сапасын жақсартуға жаңа қадам ретінде білім саласының ерекшелігіне басымдық береді. Табысты ұлт болудың тағы да маңызды шарты ретінде – орта білімнің сапасына басты назарын аударады. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуы тиістігін сараптап, осы негізде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынатындығы жайлы ұтымды ойларымен бөлісті.

Жолдауда жастарға жан-жақты қолдау көрсетуді – мемлекетіміздің



басты міндеті ретінде қарастыруды баса айтты. Жалпы, жастарды қолдауға ерекше басымдық беріліп, осы бағытта көптеген жобалардың іске асырылуы көзделіп отыр. Мұның басты айғағы ретінде еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы келесі жылдан бастап 100 мың жастың жұмыспен орналасуына мүмкіндіктердің туындайтыны, жастарға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несиелерінің жайлы айтылды. Жастар мәселесіне қатысты айтылған ауқымды жобаларына жүйелі шаралар қабылданып, өз уақытында жүзеге асырылады деген сеніммен қараймыз.

Мемлекет басшысының әділетті Қазақстанды құру жолындағы көтерген негізгі бастамалары мен салмақты ойлары мемлекетіміздің өркендеп дамуына тың серпін беріп қана қоймай, жаңа мүмкіндіктер мен қоғамдық маңызды мақсаттарға жол ашатыны анық. Президент Жолдауында көтерілген түйінді мәселелер жүйелі түрде әрі дер кезінде орындалатын болса, қазақстандықтардың әл-ауқаты артатыны рас. Ұлт мүддесі мен жарқын болашаққа нық қадам басу жолында еліміздің әрбір азаматы «жұмылған жұдырықтай» берік ынтымақтастықта биік белестерді бірлесіп атқаруды ұмытпағаны абзал. Жаңа Қазақстанның жаңаруы мен жаңғыру жолында жасалынып жатқан жүйелі реформалар ел өркендеуінің берік негізі болады деп үміт артпамыз.



Алматы – Қазақстандағы ең үлкен қала ғана емес, еліміздегі агломерацияның ірі орталығы. Алматы – әлем картасындағы ерекше орны бар қала. Бұл – достықтың, келісім мен татулықтың бесігі!

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

САУАЛНАМА

ТАУ ТҰЛҒАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕДІ



Мұрат ҚҰСАЙЫНОВ,
«Дос-Мұқасан» ансамблінің әншісі:

Алматы мен үшін – алтын ұя. Менің туып-өскен жерім. Алматымен мені өте көп нәрсе байланыстырады. Өнер мен білімнің, әдебиет пен мәдениеттің ошағына айналған қаламыз талай жастың көкірек көзін ашып, талантты тау тұлғаларды тәрбиеледі. Алматыда «Дос-Мұқасан» құрылды. Осы шаһарда талай әндеріміз дүниеге келіп, тыңдармандардың ыстық ықыласына бөлендірді. Шаңырақ көтеріп, 3 балам да осы қалада дүниеге келді. Қазір немерелерім де өсіп жетілуде. Осы жасқа дейін әлемдегі бірнеше

елдімекендерді аралаған адаммын. Бірақ Алматыны ешбір қалаға теңей алмаймын. Әсем де ару, биік таулары мұнартқан Алатаудың баурайында орналасқан көркемдігіне көз тоймайды. Мен Алматымен мақтанамын, марқаямын. Өйткені, бұл жер талай жастың қолтығынан демеп, армандарын асқақтатып, биік белестерге жеткізетін әсем қала.

АЛМАТЫ ТЕАТРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАЛА



Қадірбек ДЕМЕСИН,
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі:

Мен Алматыға алғаш 1969 жылы келдім. Ол кездегі қала мен қазіргі Алматыны салыстыруға келмейді. Арасы жер мен көктей. Қала мүлде өзгеріп кеткен. Біз келген кездері қаланың шегі Ы.Алтынсарин көшесіне дейін болатын. Биік-биік ғимараттар жоқ, қаламыз әлдеқайда таза, жап-жасыл, сондай әдемі болатын. Шіліңгір шілдеде Алатаудың баурайында әппақ қар жататын. Менің есімде күз айында қазіргі Лермонтов театрының алдында №66 автобустың

аялдамасы болатын. Ең қызығы сол аялдаманың артында үлкен канал бар еді. Алмалар сумен ағып келетін. Адамдар сол жердегі алмаларды алып, қасындағы кранға жуып жей беретін. Қаламызда алманың хош иісі аңқып тұратын. Мен сол кезде таңқалатынмын. Қазір оның бәрі көзден бұлбұлша ұшып кетті ғой. 1970 жылдары кластастар, дос-жарандар кездесетін болсақ, Саяхатқа жиналатын едік. Біз ғана емес, сол кездерде барлығы сол жерде бас қосатын еді. Қазіргідей кафе, ресторандарға жинала салу деген болмайтын. Сондай-ақ, оқуға түскен алғашқы жылдарымызда үлкен буын ағаларымыз бізге қалада тәртіпті, тәрбиелі болуды үйрететін. Топырлап төбелесудің жөнсіз екендігін, бейәдеп істерден аулақ болу керектігін үйрететін. Өзім өнер адамы болғандықтан болар, Алматы театрландырылған қала секілді көрінетін. Қазіргі таңда да құдайға шүкір, көрермендер баршылық. Ұжымдарымыздың да бірлігі мығым, өнердегі өнегелі шығармалар да көбейіп келеді. Алматыға көшіп келгеніме 53 жыл болыпты. Осы жерде жастық шағымыз өтті, үйлендік, зейнетке шықтық. Өмірім осы қалада өткеніне қатты қуанамын.

ӘСЕМ ӘНМЕН БАУРАДЫ



Айгүл ҚОСАНОВА,
Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, дәстүрлі әнші:

Алматы қаласы кез келген қазақ баласы үшін арман қала. Тәуелсіздіктің алғашқы тұстарында қалаға келдік. Әр адамның өміріндегі ең қызықты сәттері студенттік шағында өтетін шығар. Студенттік кездерім Алматыда өткен мен бақытты жанмын деп ойлаймын. Сол кездерде қыз-жігіттер болып Абай ескерткішінің алдында кездесетін едік. Ол жерде «Арман» кинотеатры, «Республика сарайы» болатын, ойын күлкімен күнімізді қызықты өткізетін едік. «Заманына қарай амалы» демекші, қаламыз күн сайын өсіп, өркендеп

келеді. Жаңа ғимараттар бой көтеруде, шығармашылық іс-шаралар ұйымдастырылып жатыр. Десе де, ескі, тарихи ғимараттарды сырып тастамай жаңартып, сол қалпында қалдырса деген ой бар. Себебі, қаланың әр бұрышы бұрғынғы кездерді еске түсіретін еді. Алатауы келген қонақтарды құшағын жайып қарсы алады. Онсыз да әсем әнмен баурап алатын Алматы күн өткен сайын құлпыра түскендей сезіледі.

Дайындаған Ақтолықын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

МЕРЕЙ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЕҢ ҒАЖАП ҚАЛА

Ерболат Досаев мегаполиске айрықша еңбегі сіңген тұлғаларды «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағымен марапаттады



Нұржамал ӘЛШЕВА

(Басы 1-бетте)

Немерелерін жетектеген шуақты ата-әжелер, сәби құшақтаған бақытты ерлі-зайыптылар, қол ұстасқан көңілді жастар да мерекенің сәнін, әрін кіргізгендей. Алматымен егіз ұғымға айналған алма атауы да биік деңгейге шығарылып, мереке күні алматылықтар мен қала меймандарына 100 тонна алма шаһардың дәмі ретінде ұсынылды.

Абай мен Достық даңғылдарының қиылысынан орын тепкен Республика сарайының алдында «Сүйем сені, Алматы!» ретро-фестивалінің ашылу салтанатына келген қала әкімі Ерболат Досаев алматылықтар мен жетістігімізге тілекші қонақтарды құттықтады.

«Сіздерді Қала күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл бәріміз үшін, әрбір алматылық үшін ерекше мереке! Әйгілі классик Ремарк «Ең гажап қала – ол адамның бақытты болған жері» депті. Мен осында туып-өстім, ең жылы естеліктерім осы қаламен байланысты. Осында шаңырақ құрдым, балаларым өсіп келеді.

Бізге Алматыны дамыту бойынша үлкен мақсаттар мен міндеттер бар. Бәріміз бірге қаламызды одан да жақсырақ және әдемі етуіміз керек. Біздің негізгі мақсатымыз – жайлы

қалалық орта құру және мегаполистің барлық ауданында тұрғындардың табысын арттыру. Мен Алматының барлық тұрғынына шын жүректен махаббат пен зор денсаулық тілеймін. Біздің Алматы өсіп, гүлдене берсін!», – деді Ерболат Досаев.

Құттықтау сөзінен кейін мегаполис басшысы Алматының дамуы мен гүлденуіне елеулі үлес қосқан 10 тұрғынды «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағымен марапаттады. Олардың қатарында Ұлы Отан соғысының ардагері, аяулы ұстаз, қоғам және өнер қайраткерлері бар. Құрметті атақтан басқа, марапатталғандар 1 млн теңгеге ақшалай сертификаттар иеленді.

«Алматы – аса бай тарихы, ерекше мәдениеті және таңқалдыратын көркем табиғаты бар гажап әрі бірегей қала. Біздің шаһар – еліміздің рухани және мәдени орталығы, Қазақстан Тәуелсіздігінің алтын бесігі болып табылатын ерекше мекен. Алматы тарихына көз салсақ, ол әр уақытта ғалымдарға, ақындарға, музыканттар мен сәулетшілерге шабыт берген. Осы ұлы тұлғалар қаламызда тұрып, өз шығармаларын өмірге әкеліп, шаһар келбетін әрлендіріп, жанын салып, Алматының ерекше мәдени кодын жасақтап келді.

Сіз бен біздің сүйікті қаламыз – шынымен жанды қала, ерекше энергетикаға бай ша-

һар. Қаламыз жайлы мыңдаған арнау жазылды, әсерлі әндер шырқалды, жасыл желекті әдемі көрінісін бейнелеген сансыз сурет салынды.

Алматы тарихында өзге ірі қалалардың тарихындай гүлдену мен құлдырау кезеңдері және зор қуаныш пен үлкен қайғы сәттері болды. Қаңтардың қайғылы оқиғалары біздің санамызды мүлде өзгертті. Біз қоршаған әлемнің қаншалықты нәзік екенін түсіндік және береке деген байлықты бағалап, оны күйзеліс пен зұлымдықтан сақтаудың маңызына көз жеткіздік. Алматы Феникс құсы сияқты қайта түлеп, бүгін оның белсенді дамуын және қарқынды алға жылжуын көріп отырмыз.

Алматы рухын қалпына келтіру – ол бірінші кезекте қаланың әр тұрғынының жеке үлесі мен ролі деп білемін. Біздің сүйікті қаламыздың екі миллионнан астам азаматтарының зор жасампаз энергиясы, креативтілігі, еңбекқорлығы мен өз қаласына деген сүйіспеншілігі – бұл біздің тұрақты және нық дамуымыздың берік негізі», – деді Ерболат Асқарбекұлы.

Қаламыздың қос даңғылының қиылысы бұл күні ерекше әрленді. Қала тұрғындары мен қонақтары әр онжылдықтың атмосферасына музыка, поэзия және декорация арқылы енді. «Мүз-Арт» пен «Кешью» топтары хит әндерден шашу шашты.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

«АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ» АТАҒЫН ИЕЛЕНГЕНДЕР:

1. **Талапқали Әбішұлы ИЗМҰХАМБЕТОВ** – Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің депутаты, Қазақстан Республикасының бұрынғы Денсаулық сақтау министрі, мемлекет және қоғам қайраткері, медицина ғылымының кандидаты.
2. **Меруерт Қаратайқызы ӨТЕКЕШОВА** – Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген артисі, кино және театр актрисасы.
3. **Алтынбек Қоразбайұлы ҚОРАЗБАЕВ** – Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген артисі, Қазақстанның халық артисі.
4. **Асылы Әлиқызы ОСМАН** – белгілі қоғам қайраткері, тіл жанашыры, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, көрнекті ғалым, профессор.
5. **Жүрсін Молдашұлы ЕРМАНОВ** – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, айтыс өнерінің жанашыры.
6. **Зинаида Леонтьевна ФЕДОТОВА** – мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген заңгері.
7. **Қайырлы Уатайұлы ЖОҢҚАБАЕВ** – Ұлы Отан соғысының ардагері
8. **Орынша ҚАРАБАЛИНА** – аяулы ұстаз, тарихшы.
9. **Күпесбай Оразбайұлы ЖАМПЕЙСОВ** – мемлекет және қоғам қайраткері, отставкадағы 1-ші рангілі капитан, әскери теңізші.
10. **Любовь Владимировна НЫСАНБАЕВА** – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген архитекторы.



АБАЙ АЛАҢЫНДА

«СҮЙЕМІН СЕНІ, АЛМАТЫ»

Қала күніне арналған театрландырылған перформанс ретро фестивалі өтті



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Аталмыш іс-шарада актерлар қала тұрғындарымен ойындар ойнап, бірге би билеп, көңіл көтерді. Фестиваль аясында музей қорынан тарихи жәдігерлер әкелініп көрмеге қойылды, қолөнер шеберлерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Арнайы дайындалған орындарда тұрғындар суретке түссе, әнсіздер қауым сүйікті әншілерінің әндерін тыңдады. Абайдың өлеңдері шиыршық қағаздарға жазылып, алаңға ерекше көрік берді. Бұл таңғажайып көріністерді өткен ғасырдың костюмдерін киген ходулистер толықтырды. Сондай-ақ, Абай, Жамбыл, Шоқан Уәлиханов секілді тарихи тұлғалардың кейпіндегі биік фигуралар да бой көрсетті.

Ақтолықын ТҮРЛЫҒАЗЫ

Дәл осы Абай алаңында композитор Шәмші Қалдаяқовтың әндеріне арналған кеш ұйымдастырылды. Шараны эстрадалық симфониялық оркестр және опера солистері орындады. Композиторға арналған фотоаймақтар мен фотогалереялар 60–70 жылдардағы Алматы атмосферасын бейнеледі. Ал валльс билеушілерге арнайы би алаңы ұйымдастырылды.

«Қалада тұрып келе жатқаныма 30 жылдан астам уақыт өтті. Зейнетке шықтым. Қала күні тойланады дегенді естіп, немерелерімді ертіп келдім. Көңіл күйім тамаша. Көрмені араладық, ән тыңдадық, өткен шаққа қайта оралғандай сезілмедім. Менің ойымша осындай мерекелік кештер бір апта өтсе, тіпті жақсы болар еді. Ұйымдастырушыларға ерекше алғысымды білдіремін. Мегapolis жанданып жаңара берсін, әсем ғимараттары көбейіп, туристердің сүйікті қаласына айналайық», – дейді қала

тұрғыны Мейрамхан Сағындық.

Бұл фестиваль өткен жүз жылдықтың қыркыншы жылдарынан бастап бүгінгі күнге дейінгі Алматының тарихи кезеңіне арналады. Әр он жылдық сол дәуірдегі қаһармандар мен айтулы оқиғаларды бейнелеу арқылы театрлық перформанспен, фотоаймақ, интерактив, арт базар, стильденген балалар аймағымен көрсетілді. Ретро Алматы символикасымен бейнеленген арнайы заттар сатылып, қоғамдастықтар көрмесі де ұйымдастырылды. Көше мәдениеті фестивалі аясында өткен ғасырдағы тарихи кезеңдерге арналған граффити байқауы өтті. Фестиваль соңында көрермендердің қатысуымен үздік жұмыстар таңдалып, ақшалай сыйлық ұсынылды.

2000 жылдардан басталатын заманауи кезең Жібек жолындағы танымал суретшілер мен қолөнершілер арт базарында ұсынылды. Көрермендер реперлер баттлын, стритдансерлер өнерлерін тамашалады. Оған қоса, стендап шоу, заманауи – эко, вело, рок, этно және басқа да қауымдастықтар

көрмесі ұйымдастырылды. Сахнада Алматыны шулатқан «Дос-Мұқасан», «Арай», «Жетіген» және басқа да музыкалық топтардың шығармашылығына арналған камералық форматтағы концерті өтті.

Абай атындағы ҚҰОБТ маңындағы алаң мен саябақ 60–70 жылдардағы Алматыға арналды. Бағдарламада: ретро автомобильдер фестивалі, Сидоркин, Калмыков, Исмаилова секілді суретшілердің картиналары қойылды.

Фестиваль барысында «Almaty Rocks International music festival 2022» концерті болды. Іс-шара аңызға айналған The Beatles шығармашылығына арналды. Барлығы оншақты команданың жанды қойылымы қойылды. Музыканттар атақты британдық төрттіктер әндерін джаз, этно, рок версияда орындады. Сонымен қатар, биттлдердің әндері қазақша да шырқалды.

Көше жарығы фестивалі бағдарламасы аясында – ғимараттарға видеопроекция жасалып, көшенің жаяу жүргіншілерге арналған тұстары, ағаштар мен субұрқақтар, кіреберістер жарықпен әрлендірілді. Арт нысандарға жарық қойылды, видео калейдоскоп жасалып, муралдар анимациясы ұсынылды. Жарықтандыру 25 қыркүйек күні 3D маппинг шоумен аяқталады. Яғни опера-лық театрдың алдыңғы қасбетінде өткен ғасырдың орта тұсынан бастап қазіргі заманға дейінгі қала тарихы, туған қалалары Алматыда еңбек еткен мәдениет қайраткерлері – кино, театр жұлдыздары, ғылым мен ағарту, жазушылар мен ақындардың бейнежазбасы қыркүйек айының соңына дейін қойылады.

АСТАНА АЛАҢЫНДА

«GAKKU DAUVSY» музыкалық ән кеші



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Фестивальге танымал топтар мен әншілер қатысты. Тек жанды дауыста өтетін ең ауқымды концерт биыл да алматылықтар мен қала қонақтарын ерекшелігімен қуантты. Кешкі сағат 17.00-де «Астана» алаңында басталған музыкалық марафон 6 сағатқа со-

зылды. Көрермендердің санында есеп жоқ. Қазақстандық ең үздік әртістер өнер көрсетті: Alzabi, Zheka Fatbelly, Madi Rymbaev, Mdee, Darkhan Juzz, Құрмаш Маханов, Аугее, Әлі Оқапов, Айқын, Amre, Mona Songz, Say Mo.

Қызықты концертке риза болған қала тұрғындары мен қонақтары кеш соңында үйлеріне ерекше қимастықпен тарап жатты.

«ZHULDYZDY ALMATY»

ЕСТІ ӘНДЕР ШЫРҚАЛДЫ

Қала күні «Астана» алаңында тағы бір ерекше концерт өтті. «Zhuldyzdy Almaty» – әншілердің «жұлдыз» ретінде танылу жолы осы тамаша Алматы мегаполисімен байланысты орындаушылардың фестивалі.

Мерекелік концерт бағдарламасында әр кезеңдегі әндер айтылған әншілер өнер көрсетті. Сахна майталмандары мен әртүрлі байқаулардан жүлде иеленген жас орындаушылар да тыс қалмаған. Кеш бағдарламасында көрермен күтпеген дуэттер мен ескі әндердің жаңа нұсқасы қуантты. Әндер жанды дауыста шырқалды.

2RAR, Ninety one, Қанай, Ғазизхан, Мөлдір Әуелбекова, AYR-EE, KEIY YOU, ALISHA, Беркут & Аиша, Аружан Данышпан, Шоқан/ All dawai, Абай Береі,

Арай Наби, Нұрсұлтан Нұрбердиев, т.б. әншілер алматылық көрермендер үшін өнер көрсетті.

«Қала күні керемет өтті. Сенбіден бері Қала күніне ұйымдастырылған мерекелік шараларды көріп, балаларым мен немерелеріммен жақсы уақыт өткіздік. Бәрі өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған», – дейді қала тұрғыны Саида.

Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен қалада, аудандарда бірнеше мерекелік концерттер, іс-шаралар өтті.

ALMAFEST

АЛМАМЕН ӘСЕМДЕЛГЕН МЕРЕКЕ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Досбол ОРЫНБЕКҰЛЫ

Тұңғыш Президент саябағында Almafest фестивалі өтті.

Шаһарымыздың ең үлкен саябақтарының бірінде Алматы күніне орай қала әкімдігінің ұйымдастырумен дәстүрлі Almafest фестивалі өтті. Іс-шараға Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев келіп, әр алаңға арнайы барып, көпшілікті қала күнімен құттықтады.

Саябақ кіреберістен ең түкпіріне дейін алмаға байланысты әртүрлі жазулармен, фотоаймақтармен әсемделді. Парк үш аймаққа бөлінді. Саябақтың оң жағында Алматыда орналасқан әртүрлі мемлекеттердің консул-

дық орталықтарының көрмесі және көше дәмханалары орналас-ты. Ал аймақтың сол жақ бөлігінде қолөнер көрмесі мен әртүрлі стильдегі киіз үйлер орнатылды. Саябақ түкпірінде еліміздің танымал әншілері өнер көрсеткен негізгі сахна құрылды. Сондай-ақ, сахна жанын айнала алма көрмесі орналасты. Қала тұрғындары мен қонақтары талай алманың дәмін татып, көтеріңкі көңіл күйде жүрді.

Одан бөлек, саябақ аймағында неше түрлі спорттық жарыстар мен бағалы сыйлықтары бар конкурстар өтті. Кішкентай балалар үшін арнайы шақырылған аниматорлар жұмыс істеді. Сонымен қатар, Қала күнін тойлаған жұрт алмамен шахмат ойнап, әуе шарына отыра алды.

САЯБАҚ

«ALEM PARK» отбасылық демалыс паркі



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматы күніне орай Наурызбай ауданында жаңа саябақ ашылды. 4,75 гектар алаңда 30-дан астам түрлі мерекелік шара өтті.



Досбол АТАЖАН

Мәдениет және демалыс саябақтары әрдайым бұқаралық-саяси, мәдени-ағарту және дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын жүргізеді. Саябақты құрудың негізгі идеясы көркем табиғи ландшафтты заманауи ойын-сауық технологияларымен үйлестіру болып табылады, онда балалар мен ересектер үшін демалыс пен ойын-сауық біріктіріледі.

Әлемдік индустрияда заманауи ойын-сауық және отбасылық демалыс парктері ерекше орын алады. Жақында олар үлкен тарихи және мәдени, көрікті де дәстүрлі саябақтарға үлкен бәсекелестік тудырды. «Alem Park» отбасылық демалыс паркі қарапайым саябақтардан өзгеше, өйткені ол ересектер үшін де, жасөспірімдер мен балалар үшін де әртүрлі жастағы адамдардың ойын-сауықтары мен демалыстарына арналған.

Бұдан басқа, қысқы маусымда 40 адамға дейін, жазғы маусымда 120 адамға дейін жұмыс орындары құрылатын болады. Саябақ жыл бойы жұмыс істейді, қыста мұз айдыны, қысқы батуттар, слайдтар және т.б. құрылады.

Алдағы уақытта саябақта 1000-нан астам ағаш пен бұта отырғызу, жайлы атмосфера мен сұлулық құру жоспарлануда.



ТУРИЗМ

АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫ

Мың жасаған шаһардың әсем табиғаты мен көз тоймайтын көрікті жерлері
кез келген адамды баурап алары сөзсіз

Тянь-Шань тауларының көз жетпес шыңдары мен Іле Алатауының баурайында ескен самал желмен сусындап тұрған тарихи қала – Алматы. Алыстап кетсем жан жұтаңдығымен жалғыздық құшып, байыз таппайтындай қандай қасиеті бар бұл қаланың?!

Осы орайда, Алматының 10 визит карточкасын назарларыңызға ұсынамыз.

ТАУЛАР МЕН ШАТҚАЛДАР



Таулар – Алматының ең үздік визит карточкасы. Алматылықтар жылдың кез келген мезгілінде табиғат аясына бару мүмкіндігіне ие. Алматы Тянь-Шань жоталарының етегінде орналасқан және жазды күндері де қарлы шыңдары бар таңғажайып және биік тауларымен танымал. Сондықтан таулар Алматыға барудың басты себебі болып табылады. Тау бағыттарының саны алуан түрлі және олардың әрқайсысы кез келген адамды таңқалдырады. Бағыттар арасында өте танымалдары да бар: Фурманов шыңы, Көкжайлау, Бутаковқа, Шымбұлақ, Аюсай және Түрген шатқалы. Бұл жерлердің әрқайсысы таңғажайып және алматылықтар үшін үлкен маңызға ие. Мысалы, Фурманов шыңы – таудың тура шетінде орналасқан әткеншектерімен адамдарды өзіне тартады; Бутаковқада қыста мөлдір көрінісімен таңқалдыратын сарқырама бар; Ал Шымбұлақ таңғажайып ойын-сауықтарымен, түрлі мейрамханаларымен және шаңғы базасымен танымал.

ШАҢҒЫ КУРОРТТАРЫ



«Таулар» деген сөзді естіген бойда, шаңғы және сноуборд тебу еске түседі. Алматы қала тұрғындары мен туристеріне тау шаңғысы курорттарының кең спектрін ұсынады. Шымбұлақ, Табаған және Ақбұлақ тау шаңғысы курорттары туристер арасында ең танымал және халық көп баратын жер болып табылады.

Шымбұлақ тау-шаңғы курорты – теңіз деңгейінен 2260 метр биіктікте Іле Алатауының әсем шатқалында орналасқан алматылықтардың ең сүйікті орындарының бірі. Қыста қар жамылғысы басқан жерді, жазда жабайы көкнөрге толы төменгі беткейдегі гүлді шалғынды көргіңіз келсе, Шымбұлаққа қош келдіңіз!

Қала іргесіндегі Талғар ауданында орналасқан тағы бір таулы демалыс орны – Табаған. Табаған 2005 жылы ашылып, Шымбұлақтай танымал болмаса да, әлі күнге дейін тауда демалуға таптырмас орын. Табаған тек тау спорты ғана емес, бассейндері бар су-сауықтыру кешені, жаттығу залы, джакузи, массаж бөлмелері, сауналар мен моншалар сияқты көптеген ойын-сауық түрлерін ұсынады.

Сондай-ақ, тағы бір «Ақбұлақ» тау-шаңғы курортын атап өткен жөн. Ақбұлақ – таза ауадан, тау шыңдарының әсем сұлулығынан ләззат алып, қаланың күйбең тірлігінен демалуға болатын жер.

ҚОЛЖЕТІМДІ
БАҒАЛАР

Алматы – күннен-күнге қарқынды дамып келе жатқан қалалардың бірі. Халық тығыз орналасқан және бай қала деген болжауларға қарамастан, сіз өзіңізге қолжетімді бағалардағы керек затыңызды таба аласыз. Сіз қалаға келген соң Медеу, Шымбұлақ, Букреева шыңы сынды қаланың негізгі көрікті жерлеріне тегін баруға болатынын біліп таңқаларсыз. Алматыға шетелдіктердің көп келуінің тағы бір себебі де осы. Азияның басқа мегаполистерімен салыстырғанда, Алматы әлемнің түкпір-түкпірінен келетін туристер үшін өте тиімді.



ТАРИХИ ТҮЛҒА



Әлемнің екі бөлігін – шығыс пен батысты байланыстыратын үлкен сауда бағыттарының бірі болған Ұлы Жібек жолы қазақ жерінен, дәлірек айтсақ, ескі қазақ жерінің оңтүстік аумағы арқылы өткен. Алматы Жібек жолындағы қолөнер мен ауыл шаруашылығы өнімдерінің сауда орталығы болған, сонымен қатар ресми теңге сарайы да болған. Қала алғаш рет XIII ғасырдағы кітаптарда «Алматы» деп атап өтілген. Тағы бір тарихи дерек 1970 жылы Есік Қорғаны ауданында табылған Алтын адам болды. Алматыны тарихи және

баруға болатын қызықты орын ретінде көрсететін көптеген факторлар бар.

ГРАНД-КАНЬОННЫҢ ЖАЛҒАСЫ



Гранд-Каньон Американың, Аризона штатының басты көрікті жерлерінің бірі болып табылатыны баршаға мәлім. Алматыда осы каньонның Шарын деген інісі бар. Шарын өзенінің әсерінен болған табиғи апаттың нәтижесінде өте әсерлі пейзаж пайда болды. Бұл қаланың барлық тұрғындары мен туристерін қызықтыратын және Алматыдағы ең көп баратын және есте қалар орындардың бірі. Уақыт өте келе шатқалдың пішіні мен өлшемі өзгеріп отырған. Шатқалдың өлшемі Гранд-Каньоннан әлдеқайда кішкентай болғанымен, сұлулығы жағынан кем түспейді.

МҰРАЖАЙЛАР



Егер сізге өзіндік ерекшелігі бар шағын мұражайлар ұнаса, Алматыда қаламен жақынырақ танысып қана қоймай, жаңа мағлұмат алуға болатын бірнеше қызықты орындар бар. Мұражайлар бізге білім беріп қана қоймай, сонымен қатар елдің тарихымен, мәдениетімен, өркениетімен, дінімен, өнерімен, сәулетімен таныстырады. Алматыда бірнеше танымал мұражайлар бар: Д.Ықылас атындағы Халық музыкалық аспаптар мұражайы, Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұражайы, Ө.Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер мұражайы, М.Өуезовтің мұражай-үйі және Қазақстан Ғылым академиясының археологиялық мұражайы. Осы мұражайлар көмегімен ежелгі дәуірдегі адамдардың қалай өмір сүргенін, не қолданғанын, немен айналысқандарын білуге болады. Сондықтан мұражайларды тарих қоймасы деп те атайды.

ТҮНГІ АЛМАТЫ



Жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша «Алматы ешқашан ұйықтамайды», себебі мұнда түнгі өмір өте жанды. Мұнда көптеген барлар, клубтар мен пабтар бар. Дегенмен, бұл орындардан бөлек, түнде де адамдар толы болатын жауу жүргіншілер көшелері де аз емес. Олардың қатарында Панфилов, Төлебаев, Жібек жолы көшелері бар. Бұл жерлерге адамдар түнгі серуенге шығып, өнерлі жастардың түрлі өнерлерін тамашалайды. Сонымен қатар, Төлебаев көшесінде ғимараттардың қасбеттерінде ғалымдарға, музыканттарға және саясаткерлерге тиесілі ескерткіш тақтайшаларын көруге болады.

КӨЛСАЙ МЕН ҚАЙЫҢДЫ



Алматы қаласында болсаңыз, міндетті түрде Қайыңды және Көлсай көлдеріне баруыңыз керек, онда сіз табиғаттың ғажайып атмосферасынан ләззат ала аласыз. Бұл – Іле Алатауы мен Күнгей-Алатау жоталарының түйіскен жері. Көлдерде Қазақстанның табиғи ғауһар тастары жасырылған деген болжам бар. Бұл жер өзінің мөлдір таза суымен баршаға танымал. Көлдердегі су күн сәулесінің түсуіне байланысты түсін үнемі өзгертіп отырады. Айналадағы шыршалар көлге өзінің барлық түстерін бергендей, көлдің суының түсі жұмсақ көгілдір түстен ашық көк-жасылға дейін өзгереді. Көлсай және Қайыңды көлдері туристер мен қала тұрғындарының арасында ең танымал орындардың бірі болып табылады.



КӨПУЛТТЫЛЫҚ

Қаладағы жалпы халықтың 11%-ын өзге ұлт өкілдері құрайды. Оңтүстік астана түрлі ұлттар мен діндерге құрметпен қарайтынын және барлығы бір-бірімен атау екендігін мақтанышпен айта алады. Қазақстан Еуропаның Азиямен түйісетін жері және бұл қаланың түрлі ұлт өкілдері мен тұрғындарынан, қаланың серпінді өмір салтынан және ерекше әсерлі қалалық ортадан

анық көрінеді.

ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ



Батыс халқы өте мейірімді, қонақжай халық, қазақтар да бұдан кем емес. Алматылықтар мейірімді және басқа адамдарға көмектесуге әрқашан қуана келіседі. Оңтүстік астана тұрғынының мінез-құлқы мәдениетті, ақжарқын, ашық адам ретінде сипатталады. Туристердің осы қалаға келіп, қайта оралуының бірден-бір себебі де осы. Бұл қалада болған кез келген адам қаланың оң позитивінен қуат алады. Сондықтан бұл жерде сізді әрқашан қуана қарсы алады, ал қызмет көрсетуі сізді өзінің мінсіздігімен таңқалдырады, өйткені қайда барсаңыз да, сіз күлімдеген ақжарқын адамдарды кездестіресіз.

Дайындаған Айжан БҰРКІТБАЕВА.



Махмұт ЖАРАСОВ:

Жалынды жастығымның куәсі

Біздің арамызда мың жылдан астам тарихы бар Алматының қалыптасуына, дамып-көркеюіне өзіндік үлесін қосқан азаматтар баршылық. Жалындаған жастығын, бойындағы бар күшін осынау көркем қаланың айбарлы алып құрылысы мен сәулетті нысандарын тұрғызуға арнаған жгіттер бүгінде ел ағасы атанып отыр. Біздің қаланың байырғы тұрғыны, бүгінде зейнеткерлік демалысқа шыққан Махмұт Жарасов та кезінде «Алматыбытстрой» деп аталған құрылыс компаниясында еңбек етті.



— Мен Алматыға 1979-1980 жылдары келдім. Ол кезде менің жасым небәрі жиырмаларда еді. Сол кездері әскерден келген жігіттердің жұмыс іздесе, ең алдымен баратын жері құрылыс алаңдары болатын. Мен де бұрын сырттай атына қанық, өзіме беймәлім қалаға табанымды тірегенде, бірден құрылысшы болсам деп шештім. Оның себебі — үлкен қалада жанымда жанашыр болар, арқасүйер жақын-туысым да жоқ. Құрылысшы болсам жалақы да, жатақхана да болады. Оның үстіне, алыстан келген өзімдей жас жігіттермен тіл табысып, тез танысып кететініме сенімдімін. Содан не керек, СМУ-15 деп аталатын құрылыс мекемелерін жағалап, ақыры жұмысқа тұрдым-ау. Ол кезде бойымызда күш тасыған, жап-жас кезіміз. Жаңбырға да, дауылға да қарамастан құрылыстың басында жүреміз. Бірде біздің бригадала Куаныш деген кісі прораб болып келді. Өзі қаталдау кісі еді. Ешкіммен жұмысы жоқ, тіпті сөлемінді де алмайтын. Содан не керек, біздің кей жігіттер «бізге басқа прораб керек» деп қиғылық сала бастады.

Кейін білдік қой, ол кісі нағыз өз ісінің шебері екен. Жұмысқа жегілген, құрылыстың қара нары болып шықты. Көктөбедегі телемұнараны тұрғызып жатқан кез болатын. Бір күні нөсер қатты құйып, жұмыс тоқтап қалды. Мұндайда қайдағы жұмыс, ешкімнің сыртқа шыққысы жоқ. Оның үстіне, күн де суытып кеткен. Осы кезде біздің қозғалмасымызды байқаған Куаныш ағамыз ләм деместен, аяғына резеңке етік, үстіне плащ кие салып, сыртқа өзі шығып кетті. Ол кісі тысқа шыққан соң біз қалай шыдап отырайық? Іле-



шала біз де далаға атып шықтық. Сөйтсек, үстіне бетон тиеген 30-40 ЗИЛ машинесі қатар-қатар тізіліп тұр екен. Ол кісінің босқа шырылдамағанын біз де кеш түсіндік. Өйткені, жұма күні жауын деп қарап отырсақ, екі күнгі демалыс бар, әлгі машиналарды тоқтатып қояға және болмайды. Бұдан кейін мұндай мінез танытпайтын болдық. Әрбір салада өз ісінің нағыз шеберлері болады. Бізге бағыт-бағдар берген Куаныш ағамыз да сондай кісі еді. Ол кісіден үйренгеніміз көп болды. Құрылыстың қыры мен сырын меңгерген болсақ, сол Куаныш ағамыздан үйренгеніміз дер едім. Біздің бригадала «Романтик» деп аталатын. Әрине, қиялшыл кезіміздің әсері ғой. Күндіз жұмыс, кешке ару Алматыны серуендеп қайтамыз. Ондағы ойымыз — күн сайын көрмей келе жатқан қаланы, өзіміз салған құрылыстарды тамашалау. Сол кезде біздің әрбіріміздің кеудемізді «Алматыны біз салып жатырмыз» деген мақтаныш кернейтін. Алматыдағы әсем ғимараттың бірі саналатын Оқушылар сарайының құрылысында да біздің қолтаңбамыз бар. Осы Оқушылар сарайының құрылысын қолға алғанда Куаныш ағамыздың айтқан мына бір сөзі әлі күнге жадымыда қалыпты.

«Бұл құрылыс анау-мынау емес, аса қырағылықты талап етеді. Ертен мұнда балалар оқитын болады. Беті аулақ, егер тосыннан апат орын алып, бір сымы үзіліп кетсе, екінші біздің мойнымызда қалады. Балалардың тағдыры біздің қо-



лымызда. Сондықтан аса мұқият болыңдар» деген еді. Өзі бас болып, құрылыстың әрбір шегесіне дейін тексеріп отыратын.

Әлемге әйгілі «Медеу» мұз айдынының құрылысы 1972 жылы басталды. Таудың ауа райы белгілі ғой. Бірде күн шығып тұрса, бірде жауын құйып кетеді. Бірде бетонды түсіру керек болды. Ілгіштің орнына алтылық сымды іле салып, кранмен тартып көрдім. Мықты тұрған сияқты көрінді. Беліме қауіпсіздік белбеуін тағынып алдым. Краншы жігіт кранды тартып қалғанда, жиырма метрлік биіктіктен бір қолыммен арматурадан ұстап салбырадым да қалдым. Алыстан қызыл шапкамды ғана көрген краншы жігіт мені төменге құлады десе керек, аман екенімді көргенде қайта-қайта құшағына қысқаны бар. Жалпы, құрылыс та, құрылысшы болу да қауіпті ғой. Сондай сын сағатты бастан кешіп, қаламыздағы «Қазақстан» қонақүйі, Республика сарайы, М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының бой көтеруіне өзімнің де үлесімнің барына қуанып отырамын. Жастарға әркез жанашырлық танытып жүретін белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Серік Абдрахманов, комсорғымыз болған Мейірхан Диханбаев, қазіргі кезде баспа саласының білгірі атанған Әділ Қойтанов, марқұм Таңатар Қабанов сынды азаматтармен тағдырымыз бір арнада түйіскенін әркез сағынышпен еске алып отырамын, — дейді Махмұт Жарасов.

Дайындаған Рая ЕСКЕНДІР.

ЕҢБЕК БИРЖАСЫ

Тәрбиеші, оқытушы, дәрігер сұранысқа ие мамандықтар

«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ өкілдері биылғы тамызда жұмыс берушілер электрондық еңбек биржасы арқылы көбіне қандай мамандарды жиі іздегенін мәлімдеді. Сұранысқа ең көп ие мамандықтар — тәрбиешілер, оқытушылар мен дәрігерлер болып шықты. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Мәселен, өткен тамыз айында тәрбиешілер мен олардың көмекшілеріне деген сұраныс ұсыныстан 2 есе асып түскен — 1,8 мың түйіндемеге қарағанда 3,9 мың бос орын жарияланған. Екінші орында ЖОО мен колледж оқытушылары. Олар үшін 2 мың түйіндеме орналастырылғанмен, 3,5 мың бос жұмыс орны жарияланды. Дәрігерлер үшін 1,1 мың түйіндеме түскен, ал олар үшін бос жұмыс орны — 2,2 мың.

Ал арнайы біліктілігі жоқ жұмысшылар арасында сұранысқа жүк тиеушілер (265 түйіндеме ұсынылған, ал бос жұмыс орны 2,2 мың) мен құрылыс саласындағы жұмысшылар (332 түйіндеме — 2,1 мың бос жұмыс орны) ие болды.

Бұл ретте мамандар бойынша ең үлкен профицит қаржыгерлер (яғни жұмыс беруші тарапынан 10 бос жұмыс орны ұсынылған болса, электрондық биржада бақандай 324 түйіндеме қалдырылған), заңгерлер (304 бос орын — 1242 түйіндеме), автомеханиктер (65 бос орын — 354 түйіндеме), биотехнологтар (12 бос орын — 256 түйіндеме), фельдшерлер (268 бос орын — 681 түйіндеме) және мал өсірушілер (95 бос орын — 464 түйіндеме) арасында байқалған.

Нұр ЖАМАЛ.

ГЕНЕТИКА



Көп кеселдің алдын алуға болады

Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында ДНҚ зертханасының меңгерушісі Дина Мукушкинаның қатысуымен брифинг өтті. Маман генетикалық дактилоскопия арқылы баланың туыстығы, жынысы, қандай да бір ауруға бейімділігі бар-жоғы, дарыны, ұлты қалай анықталатыны туралы айтты.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Дина Мукушкина журналистердің сауалдарына жауап бере отырып, Алматыда да ДНҚ-ның фантастикалық мүмкіндіктері мол екенін тілге тиек етті. Жоғары ғылыми технологиялардың көмегімен алынған ДНҚ талдауы әр пациентке қолжетімді көрінеді.

Спикер қыркүйек айының басында ДНҚ-ның бірегейлігі күні атап өтілгенін де айтып кетті.

«Физикалық тұрғыдан алғанда, ДНҚ — бұл макромолекула, ол тұқым қуалайтын ақпараттарды ғана сақтап қоймайды, сонымен қатар бүкіл ағзаның бір жасушадан дамитыны туралы нұсқаулық болып саналады. ДНҚ-ның бірегейлігін алғаш рет 1984 жылы 10 қыркүйекте британдық

генетик Алек Джеффрис анықтаған. Ол әр адамның ДНҚ-сы өзінше бірегей екенін дәлелдеген», — дейді спикер.

Сол кезден бастап генетикалық дактилоскопия ұғымы пайда болды. Саусақ іздеріне генетикалық зерттеу жүргізе отырып, сол адамның қылмысқа қатысы бар-жоғын да анықтауға болады. ДНҚ-ны қолданудың алғашқы саласы криминалистика болғаны сондықтан.

«ДНҚ кейінірек медицинада қолданыла бастады. Түрлі кеселдерді ерте сатысында диагностикалаудан бастап, ол тұқым қуалауы мүмкін де, іштегі шараңа болашақта қай жасынан барынды болады, осындай қырын да анықтауға қол жеткізілген», — дейді Д.Мукушкина.

Спикер журналистердің сұрақтарына орай, бүгінде қандай қызметтерге сұраныс жоғары екенін де айтты.

«Ұйқыдағы тұқым қуалайтын аурулар» деген ұғым бар, яғни әлдебір кесел бір ұрпақта мүлдем бой көрсетпеуі, бірақ келесі ұрпақтың ағзасында бас көтеруі мүмкін. Қала тұрғындары дәл осындай жағдайларда генетикалық зерттеуге жүгініп жатады. Генетиктер адам қанындағы бөтен ДНҚ-ны вирустық инфекциялар енді дами бастаған кезінен-ақ бірден анықтап, нақты диагноз қоя алады. Сондай-ақ, тұқым қуалайтын ауруларды да анықтап береді. Жүктіліктің алғашқы 10-шы аптасына дейінгі уақытта да генетиктер ұрықтың созылмалы ауытқуларын анықтай алады», — дейді Дина Мукушкина.

Алматылықтар көбіне генетиктерге қаны бір туысын іздеп немесе ортақ малмүлікті бөлісер кезде бала мен екенін немесе анасының арасында туыстық қарым-қатынастың бар-жоғын білу үшін жиі жүгінетін көрінеді. Және олар аты-жөнін құпия ұстағанды жөн көреді. Генетиктерге келетіндердің арасында баланың кімнен екенін білгісі, яғни ерлі-зайыптының отбасылық қарым-қатынаста бір-біріне опасыздық жасаған-жасамағанын білу үшін келетіндер көп көрінеді.

Дегенмен, генетиктер көбінесе медициналық, мәселен, сүт безінің, аналық безінің қатерлі ісігі, Альцгеймер және Паркинсон сияқты тұқым қуалайтын аурулардың бар-жоғы туралы зерттеулер жүргізеді.



ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙ

АЛМАТЫДА ӘЛЕМДІК ДОДА ӨТЕДІ



(Басы 1-бетте)

Қазақстан хоккей федерациясының басшысы Асқар Маминнің, Халықаралық хоккей федерациясының өкілдері вице-президент Петр Бриздін және Бас хатшы Матти Нурминнің қатысуымен өткен бұл кездесуде 2022 жылы Астанада және Алматыда хоккейден әлем чемпионатын өткізу мүмкіндігі талқыланды.

Бұған дейін белгілі болғандай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы 15 қыркүйекте Люк Тардифпен өткен кездесуде Қазақстан хоккей-

ден әлемдік біріншілікті қабылдауға дайын екенін растаған еді. Әлем чемпионатын өткізу үшін қожайын-елдің таңдауы бойынша дауыс беру 2023 жылдың мамыр айында өтпек.

Кездесу барысында Ерболат Досаев Алматының 2011 жылғы қысқы Азия ойындары, 2017 жылғы қысқы Дүниежүзілік универсиада, әлем чемпионаттары, әртүрлі спорт түрлері бойынша әлем кубогының кезеңдері және т.б. сияқты ірі спорттық іс-шараларды өткізудегі бай тәжірибесі туралы айтып берді.

Шаһар басшысы мегапо-

листің Алматыда хоккейден әлем чемпионатын өткізуге дайындығын, қажетті дамыған спорттық және қонақүй инфрақұрылымының бар екенін растады. Бүгінде қалада «Медеу» мұз айдыны, «Алматы Арена» және «Халық Арена» мұз сарайлары, «Сұңқар» халықаралық шаңғы трамплиндері кешені, Балуан Шолақ атындағы спорт сарайы, сондай-ақ Алматы агломерациясының аумағындағы бірқатар тау шаңғысы курорттары сияқты қысқы спорт түрлерімен айналысуға арналған спорт кешендері жұмыс істейді.

Кездесуге қатысушылардың пікірінше, Қазақстанда хоккейден әлем чемпионатын өткізу оның елдік деңгейде танымал болуына серпін береді, ал халықаралық деңгейде – бүкіл Азия өңірінде осы қысқы спорт түрін қолдаушылар санын арттырады.

Халықаралық хоккей федерациясының президенті Люк Тардиф бұл оның Алматыға екінші сапары екенін және қатысушы командалар үшін де, бүкіл әлемнің жанкүйерлері үшін де көптеген қызықты орындар бар екенін атап өтті. Қала әлем чемпионаты топтарының бірін өткізуге лайықты және Қазақстан хоккей федерациясы әкімдікпен бірлесіп, өтінім беру науқанына сапалы дайындалуы тиіс.

БОКС

Геннадий Головкин мен Сауль Альварес арасындағы текетіреске нукте қойылды.



БІЗДІҢ ЧЕМПИОН!

Демалыс күні қазақстандық боксшы Геннадий Головкин (42-1-1, 37KO) мен мексикалық Сауль «Канело» Альварес (57-2-2, 39KO) арасында үшінші жекпе-жек өтті. Айта кеткен жөн, әлемдік көрермендерді қаратқан бұл кештің басты оқиғасының алдында Димаш Құдайбергелі рингке шығып, Қазақстан Әнұранын орындады.

Кездесу 3 минуттан 12 раундқа созылды. Алғашқы раундтар екі боксшы рингке үйреніскенше аңдысуымен өтті. Алайда, отандасымыздан 8 жас кішілігі бар Альварес бірінші болып шабуылға шықты. Ол қысқа үзілістермен қайта-қайта комбинациялық шабуылдар жасады. Мексикалықтың өте ширақ әрі жылдам екені де көзге түсті. Біздің боксшымыз өз соққыларымен жауап беруге тырысқанымен, қарсыласының қорғанысы сыр бермеді. Жекпе-жек 8-раундқа дейін

«Канелоның» басымдылығымен өтті. Ал бел ортасынан асқан соң, Головкиннің белсенділігі артты. Алайда, кездесу нәтижесі бойынша боксшымыз жеңіске жете алған жоқ. 116–112, 115–113, 115–113 болған төрешілер шешімімен «Канело» жеңімпаз атанды.

Жекпе-жектен соң спортшымызға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев хабарласып, қолдау білдірді. Президентіміз Головкинге әлемдік аренада Қазақстанның танылуына қосқан үлесін, ол Қазақстан халқы үшін әрқашан чемпион болатынын айтты. Сондай-ақ, Лас-Вегас қаласында өтетін кәсіпқой бокс кешінде Геннадий Головкиннен бөлек, Қазақстанның тағы бір өкілі Әли Ахмедов шаршы алаңға шығып жеңіске жетті. 26 жастағы алматылық боксшы Габриэль Росадонны жеңіп, IBF (North American) және WBC Silver белбеулеріне ие болды.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

Іс-шара ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің, Ұлттық Олимпиада комитетінің, спортты дамыту дирекциясының және Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫС МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



Қазақстанда алғаш рет үстел теннисінен халықаралық ауқымдағы шара – Contender сериясының турнирі 13–18 қыркүйек аралығында жаңа «ADD» үстел теннисі орталығында өтті.

Халықаралық турнирдің соңғы күні ерлер арасындағы жұптық разрядта үшінші орынды қазақстандықтар Денис Жолудев пен Сағантай Құрмамбаев иеленді. Олар Дастан Кенжеғұловты/Ырысбек Артықметовты (Қазақстан) жеңіп, корей ойыншылары Чан Уджин/Лим Джонхун медициналық себептер бойынша келмеулеріне байланысты ары қарай өтті. Ал жартылай финалда Линь Юньжу/Ляо Чен-Тинге (Тайбэй) жол берді. Аралас разрядта «WTT Contender Almaty» чемпиондары Линь Юньжу/Чэн Сзу-Ю (Тайбэй) болды.

Ақтық кездесулер алдында республикалық Үстел теннисі федерациясының президенті Данияр Әбілғазин жарысқа қатысушылардың барлығына жылы лебізін білдіріп, жаттықтырушыларды, төрешілерді, спорт ардагерлерін, облыстық федерация басшыларын – барлығы 19 адамды құрмет грамотасымен, II дәрежелі «Қазақстан Республикасында үстел теннисін дамытуға сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапаттады.

Жарыс нәтижесі бойынша ерлер арасындағы жекелей жарыстың чемпионы Рувен Филус (Германия), ал әйелдер арасында Хина Хаята (Жапония) болды. Сондай-ақ, ерлердің жұптық разрядында Линь Юньжу/Ляо Чен-Тин (Тайбэй), ал әйелдер жұбында Хина Хаята/Хирано Миа (Жапония) үздік атанды.

ЖҮЛДЕ

ЕШТЕН КЕШ ЖАҚСЫ

Дәулет ШАБАНБАЙ – «Лондон–2012» олимпиадасының қола жүлдегері

Еркін күрестен қазақ палуаны Дәулет Шабанбай «Лондон–2012» олимпиадасының қола медалімен марапатталды.



Сербия астанасы Белград қаласында өтіп жатқан күрес түрлерінен әлем чемпионаты кезінде қазақ спортшысына салтанатты түрде марапат табысталды. Палуан медальді Біріккен күрес әлемінің (UWW) басшысы, ХОК атқарушы комитетінің мүшесі Ненад Лаловичтің қолынан алды.

«Қымбатты достар, менің туған халқым, менің Қазақстаным. Аллаға шүкір, мен көптен күткен осы медальды алдым! Мен Халықаралық Олимпиада комитетіне, Ненад Лалович мырзаға, Біріккен күрес әлемінің Президентіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиада комитетінің, ұлттық

федерациясының басшылығына алғыс білдіремін. Біздің спортшылар чемпион болсын!», – деді Дәулет Шабанбай.

Спортшы жүлделерді қайта бөлгеннен кейін олимпиада жүлдегерлерінің қатарына енді. Лондондағы Олимпиадада Дәулет Шабанбай 120 келіге дейінгі

салмақ дәрежесінде бесінші болған. Алайда, кейінірек, 2019 жылы допинг-сынамаларды қайта тексергеннен кейін грузин палуаны Давид Модзманахвили мен Артур Таймазов (Өзбекстан) тыйым салынған препараттарды қолданғаны анықталды.

Барлық сынақтардан кейін аталған спортшыларды шеттету, сондай-ақ олардың Лондондағы Олимпиадада көрсеткен нәтижелерін жою туралы шешім қабылданды.

Осылайша Дәулет Шабанбай Лондон олимпиадасының қола жүлдегері атанды. Комейл Гасеми (Иран) мен Біял Махов жеңіс тұғырының бірінші қатарын бөлісті, ал АҚШ-тан келген Тервел Длагнев қазақстандықпен үшінші болды.

Айта кетейік, Дәулет Шабанбай Азия чемпионатының төрт дүркін қола жүлдегері (2008, 2009, 2011, 2014). Сондай-ақ, 2014 жылы Азия ойындарының күміс жүлдегері атанған.

ALMATY URBAN FEST 2022

ҮЗДІКТЕР ЖАРЫСТЫ

Алматыда Almaty Urban Fest 2022 фестивалінің гранд-финалы өтті.

Алматы қаласында Almaty Urban Fest 2022 урбанистік және экстремалды спорт түрлері фестивалінің гранд-финалы өтті. Бұған дейін 27 тамыз күні 10 спорт түрінен іріктеу турлары өтіп, жарысқа 1100-ден астам адам қатысқан.

«Алматы Арена» спорт кешенінде жарыстың шешуші күні жүлделі орынға жас скейтерлер,

роллерлер, самокатшылар, BMX сайыпқырандары, баскетболшылар, бишілер, армрестлинг пен воркаут шеберлері, трейсерлер мен Dota 2 бойынша киберспортшылар жүлделі орынға таласты. Гранд-финал жарысында жалпы саны 500-ге жуық спортшы бақ сынады.

Биыл Almaty Urban Fest іс-ша-

расы Алматы қалалық Спорт басқармасының бастамасымен үшінші рет ұйымдастырылып отыр. Мақсаты – жастар арасында танымал заманауи спорт түрлерін қолдау және дамыту. Фестиваль бағдарламасы 2019 және 2021 жылдармен салыстырғанда іріктеу турлары, сондай-ақ киберспорт және паркур сынды спорт түрлері арқылы кеңейді.

Шараға қатысушылар мен қонақтар финал күні арт-инсталляция кештері мен шығармашылық байқауларды тамашалады. Жарыс аяқталған соң көрермендер үшін мерекелік бағдарлама ұйымдастырылды.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503
(жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге
3 айға – 1801,50 теңге

15503
(кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге
3 айға – 4861,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен
ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге
3 айға – 1321,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне үш айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY»

жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –

алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

ТЕАТР

«ABISH ALEMI» театр фестиваліне жол тартады!



Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры қыркүйектің 20–23 жұлдызы аралығында Ақтау қаласында өтетін II Халықаралық «ABISH ALEMI» театр фестивалінде өнер көрсетеді.



Ақтолқын ТҮРЛЫҒАЗЫ

Қазақстанның Еңбек Ері, жазушы Әбіш Кекілбаевтың классикалық туындыларын халықаралық театр қауымдастығы деңгейінде насихаттау мақсатында ұйымдастырылып отырған ауқымды шара биыл екінші рет өткелі отыр. Қатысушы театрлар фестиваль бағдарламасына Әбіш Кекілбаевтың шығармалары желісімен сахналанған немесе ол қазақ тіліне аударған шетел классиктерінің пьесаларын түпнұсқада немесе өз ана тілдерінде ұсынады.

Фестиваль талабына сәйкес Ғ.Мүсірепов театры репертуарындағы У.Шекспирдің шоқтығы биік шығармаларының бірі «Король Лир» туындысымен қатысады. Ғаламның театрлары бірнеше ғасыр бойы үздіксіз қойып келе жатқан бұл шығарманы режиссер Фархад Молдағали өз интерпретациясымен 2022 жылдың 28 сәуірінде сахналаған болатын. Төрт ғасыр өтсе де сол кездегі оқиға желісі әлі күнге дейін өзектілігін жоймағандығы көрген жұртқа мәлім. Яғни Лир патшаның асарын асап, жасарын жасап, енді қыздарының қамқорлығын көремін бе деген үміті бір уақытта күл-талқан болғандығы жайындағы оқиғаға құрылған.

Фестиваль өз мәресіне жеткен бойда, Ғ.Мүсірепов театры Маңғыстау өңіріне сапарын гастрольдік бағытпен жалғастырмақ. Яғни қыркүйектің 24–27-ші жұлдызы аралығында Ақтау қаласында, ал 28–30 аралығында Жаңаөзен қаласында

көптің көңілінен шығып, көзайымына айналған үздік қойылымдарын сахналайтын болады. Ақтау қаласына арнаған спектакльдері Н.Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық драма театры, ал Жаңаөзенде «Мұнайшы» мәдениет үйінің сахнасында қойылады. Ең алдымен, 24-і күні қазақ әдебиеті тарихының алтын қазынасына айналған, Ілияс Жансүгіров жазған Ақаннның «Құлагер» спектаклімен сахна шымылдығын ашпақ. Одан кейін Ақтауда 25-і және 27-сі күндері, Жаңаөзенде 28-29-ы күндері аз ғана уақытта көпшілік қауымның көңілінен шығып, сан мыңдаған ғашық жандардың жүрек соғысын үдете соқтырып, репертуарға шыққан бойда аз сағаттарда аншлаг болып жүрген Әзілхан Нұршайықовтың белгілі туындысы «Махаббат, қызық мол жылдармен» жалғасын табады. Сонымен қатар, тек еліміздің төл туындылары ғана емес, шетелдік шығармалардан испан драматургы Ф.Г.Лорканың «Қанды той» (Кривовая свадьба) пьесасы негізінде, Н.Сауданбекұлы аударып, халықаралық «Островский-FEST» сынды ауқымды байқаулардың жүлдегері атанып жүрген, үздік режиссер Дина Жұмабай қойған «Оян, қалыңдық» қойылымы сахналанбақ. Ессіз ғашықтықтың ықпалынан үш бірдей отбасы тағдырының ойран болғаны жайындағы бұл хикая кімнің де болсын көңілін бей-жай қалдырмасы анық. Оған қоса, кішкентай балаларға арналған қойылым да ұмыт қалдырылмай, Ақтауда 26-шы, ал Жаңаөзенде 30-шы қыркүйекте театр әртістері Ұлан Болатбек сахналық нұсқасын жасап, Шағуан Үмбеталиев режиссерлік еткен «Туған күн» ертегісі де көрермен назарына ұсынылмақ.

Айта кететін жайт, аталмыш қойылымдарда бой көрсететін әртістер қатарында көрермен көзайымына айналған ҚР еңбек сіңірген артистері Лидия Каденова, Сағызбай Қарабалин, талантты артистер Мақсат Сәбитов, Дархан Сүлейменов, Жанар Мақашева, Гүлбахрам Байбосынова сынды талант иелері бар. Ендеше, 77 жылдық тарихы бар Ғ.Мүсірепов театрының сапары сәтті, жеңісті де жемісті болғай!

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

КИНОКЕҢІСТІК

«Мұқағали» әлемді аралап жүр



Нұржамал ӘЛШЕВА

Белгілі қазақстандық режиссер Болат Қалымбетовтың «Мұқағали» фильмі жуырда XVIII қазан Халықаралық мұсылман кинофестивалінің негізгі байқау бағдарламасында қазылар алқасының арнайы сыйлығына ие болды.

Негізгі байқау бағдарламасына 10 картина, Қазақстан, Түркия, Үндістан, Иран, Бангладеш, Ресей, Египет, Шри-Ланка фильмдері, сондай-ақ копродукцияда түсірілген екі таспа ұсынылған. Биыл әлемнің 44 елінен барлығы 625 өтінім тіркелген.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы түсірген кинотаспа аты аңызға айналған қазақ акыны Мұқағали Мақатаевтың өмірінің соңғы жылдары туралы баяндайды.

Естеріңізге сала кетейік, фильмнің әлемдік премьерасы «Қараңғы түндер» (ROFF) 25-ші Таллин кинофестивалінің аясында өтті. Онда қазақстандық фильм экumenикалық қазылар алқасының сыйлығын алған еді.

Биылғы наурыз айында биографиялық картина Кераладағы (Үндістан) 26-шы Халықаралық кинофестивальдің «Әлемдік кино» секциясында ұсынылды.

Тамыз айының басында фильм Қырғызстанда «Қазақстандық кино күндерін» ашқан болатын. Ал 15–20 қыркүйек аралығында фильм Гатчиндегі 28-ші Халықаралық «Әдебиет және кино» кинофестиваліне (Ресей) қатысады.

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі, Алатау, Алмалы, Медеу, Бостандық, Түркісіб, Наурызбай аудандары әкімшілігі мен аудандық Ардагерлер кеңестері, Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының ұжымы Алатау аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы, Республикалық ардагерлер ұйымы Пленумының және қалалық ардагерлер ұйымы Президиумының мүшесі
Құдайберген Назарұлы ҚАБДОЛДИННИН қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanyshe@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы поштамтына:
7 (707) 932-39-18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Ақтолқын ТҮРЛЫҒАЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80ВР00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы борттыңдағы жолаушыларға қолжетімді.



«SALEM ALMATY»



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

«АЛМАТЫ АРЕНА» энге оранды



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Қала күніне орай шаһар басшылығының ұйымдастырумен «Алматы арена» спорт кешенінде «Salem Almaty» өнер фестивалі өтті.

Демалыс күні Қала күніне орай мегаполистің әр бөлігінде мерекелік іс-шаралар, концерт пен фестивальдер болды. Шаһар туған күніне орай ұйымдастырылған мерекелік шаралардың бірі «Алматы арена» спорт кешенінде өтті. Salem Almaty атымен өткен фестивальде еліміздің жарық жұлдыздары өнер көрсетті. Атап айтқанда, Дильназ Ахмадиева, Карина Абдуллина, «Үркер» тобы, «101» тобы, «JCS» тобы және өзге де өнерпаздар қала тұрғындарына көтеріңкі көңіл күй сыйлап, ән-жырдан шашу шашты.

«Концерт көңілімнен шығып жатыр. Біздің кезіміздегі танымал әндер шыққалды. Жанымыз жадырап қалды. Студенттік кезімізде Қала күнін Медеу мен Шымбұлақта қарсы алатын едік. Енді өз ауданымызда тойланып жатыр. Балаларымыз да маз-мейрам, жастар да қуанышты. Келесі жылы тағы да қаламыздың әкімдігі осындай мерекелік көңіл күй сыйлайды деген сенімдемін», – дейді қала тұрғыны Айназ Бақытбек.

Мерекелік кештің басты жұлдыздары «A STUDIO» тобы болды. Қаламызбен ерекше байланысты бұл топтың әндерін алматылықтар қосыла айтып, шынайы мерекені сезіне алды.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Ерлік пен батылдықтың символы

Қаламызда өрт сөндіруші-құтқарушы бейнеленген мурал пайда болды



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Өмірде біз көп мән беріп, еңбегін жете бағалай бермейтін кәсіп иелері баршылық.

Қызметі ауыр һәм қауіпті сала мамандарының бірі деп өрт сөндірушілерді айтуға болады. Алматыдағы Шалапин көшесі мен Саин көшелерінің қиылысында орналасқан бес қабатты үйдің қабырғасында өрт сөндіруші-құтқарушы бейнеленген мурал пайда болды.

Қалалық ТЖД баспасөз қызметі мамандарының айтуынша, композицияда ерлік пен батылдықтың сим-

волы ретінде өрт апатымен күресетін батыр бейнеленген. Муралды салудағы мақсат – халықтың назарын өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға аудару, қоғамда тіршілік қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыру. Өрт сөндіруші-құтқарушы мамандығының беделін арттыра отырып, олардың еңбегін бағалау.

Рас, болмашы жалыннан тұтанып, арты алапат өртке ұласып жататын тілсіз жауды ауыздықтау оңай жұмыс емес. Сондықтан өрт сөндірушілер қай кезде және қай жерде болсын, уақытпен сапалы еңбек етеді. Мәселен, жақында орын алған Қостанай облысындағы өрт кезінде олардың қажыр-қайраты мен төзімділігіне ел сүйсінді. Кәсіп иелеріне құрметпен қарады. Алғыс айтты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алапат өртпен күресіп жүрген өрт сөндірушілермен кездесіп, олардың еңбегін жоғары бағалады.

Айтып келмейтін апат алып шаһарда да орын алып жатады. Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, жыл басынан бері алматылық құтқарушылар 1,8 мың өртті жою жұмыстарын жүзеге асырған. Төтенше жағдай орындарынан 327 адам эвакуацияланып, өрт кезінде және қаланың су айдындарында 144 адамның (оның ішінде 17 бала бар) өмірін сақтап қалған.

ӨЗГЕЛЕРДІҢ ӨНЕГЕСІ

БУККРОССИНГ – КІТАПХАНА

«Өзің оқып болсаң, басқаға бергін» қағидасына негізделген

Қазір әлеуметтік желі деген «құдірет» құстың сүтінен басқаның бәрін сол мезетте көз алдыңызға әкеп беріп тұрады. Мәселен, өткенде Facebook бетінен көпқабатты үйлердің қоқыс тастайтын темір жәшіктеріне лақтырылып тасталған лықа толы кітаптарды көріп, кітап оқып өскен кешегі аға буын «обал-ай, кітаптың да қадірі кеткен бе» деп мұңайып қалып едік. Ал қазіргі жас буынның кітап оқымайтыны жасырын емес. Бүгінде ақпараттық технологияның ен ортасында шалқып жүрген оларға кітаптың да рухани дос бола алатынын қалай түсіндіреміз сонда?



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Қолдан-қолға

Оқылған кітаптарыңыз жиналған сөрелердің шаңын сүртуден, жинаудан шаршасаңыз немесе лақтыруға қимасаңыз, одан да шығатын жол бар. Иә, шет елдің барлық өнімін бірыңғай жаман дей беру жарамас, жақсысы болса, неге алмасқа?! Мәселен, батыста смартфонға еліткен жастардың мойнын бір сәт кітапқа бұру үшін буккроссинг деген жоба енгізілді.

Буккроссинг – ағылшын тілінен аударғанда «кітаптың айналыста жүруі немесе кітап алмасу» деген мағына береді. Яғни «том-том кітаптарды бостандыққа шығару» және «кітап оқу» идеясын насихаттау. «Өзің оқып болсаң, басқаға бергін» қағидасына негізделген бұл рухани жоба – адам және кітап арасын жақындатуды мұрат еткен, үлкенді де, кішіні де кітап оқуға шақыратын қоғамдық қозғалыстардың бірі. Буккроссингтің ережесі бойынша кез келген адам өзі оқып бітірген бір кітабын адам аяғы көп жүретін қоғамдық-көпшілік орындарға (саябақ, кафе, кітапхана, метро және т.б.) қойып кете алады. Кейін бұл кітапты тауып алған басқа адам оқиды, оқып болған соң ол да сол кітапты орнына тастап кетеді, дәл осылай ол кітапты басқа оқырман оқи алады. Бұл қоғамдық қозғалысқа қатысушыларды «буккроссерлер» деп атайды.

Иә, «буккроссингтің» басты мақсаты – үйімізде шаң басып тұрған немесе оқылған кітаптарға «екінші өмір сыйлау», оқырмандар арасында «кітап алмастыру» акциясын жүргізу, кітапханаға оқырмандарды тарту, күнделікті өмірдегі әр оқырманның кітап оқу әрекетін танымал етуге өз үлесін қосу, әлемді үлкен кітапханаға айналдыру. Бұл идеяны ең алғаш АҚШ-та интернет-технология маманы Рон Хорнбакер деген кісі 2001 жылы ұсынған. Ол қоғамдық орында мынадай жазуы бар кітап қалдырады: «Бұл жоғалып кеткен кітап емес, мына сайтқа кіріп, оның бұрынғы иесін біле аласыз». Жарты жылдан кейін оның сайтында екінші рет дүниеге келген кітаптың жолын жалғастырып 300 белсенді пайдаланушы тіркелді. Ал 2004 жылдан бастап «Bookcrossing» сөзі Оксфорд сөздігіне ресми түрде енгізіледі. Бүгінгі күні бұл қозғалыс халықаралық буккроссинг қоғамдастығы деңгейіне дейін көтеріліп, құрамына 132 елден 2 миллионға жуық мүше жинаған, олар бір-біріне 13,5 миллионға жуық кітапты сый-



ға тартқан. Бұл туралы Рон Хорнбакердің өзі: «Менің жобам дүниежүзілік кітапхананың негізін қалады. Буккроссинг – географиялық шекараны білмейтін кітапхана түрі», – деген пікір білдірген.

Ашық аспан астында

Осы буккроссинг үрдісі енді біздің Қазақстанға да келіп жетті. Және ол ең алғаш мәдениеттің, руханияттың ошағы болып саналатын біздің Алматыдан басталды. Дәлірек айтсақ, 2014 жылдың күзінде Алматы қаласында өткен «Кітапфест» деп аталатын кітап жәрмеңкесінде ұйымдастырылған болатын. Әлем бойынша кітап оқу жағынан кенжелеп тұрған біз үшін бұл уақытты тиімді өткізудің құралына айнала бастады. Бүгінде шаһарда бірнеше жерде осындай үйшік тәріздес буккроссинг нүктелері бар. Солардың бірі – былтыр маусым айында Алматы қаласы Мәдениет басқармасы мен Алмалы ауданы әкімдігінің қолдауымен, қалалық Орталықтандырылған кітапхана жүйесі кітапханашыларының ұйымдастыруымен Мұқағали Мақатаев атындағы саябақта ашылған буккроссинг. Мақсаты,

әрине, белгілі – жастардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру және балалар мен жасөспірімдерге арналған кітаптарды жан-жақты насихаттау, оларды сол арқылы коммуникативті шығармашылыққа баулу, бос уақытын тиімді пайдалануына дәнекер болу.

Сыртына Мұқағали ақынның бейнесі салынған, пішіні кітапқа ұқсас, ашылып жабылатын, ішінде сөрелері және түрлі тақырыптағы кітаптарға толы бұл буккроссинг қазір де жұмыс істеп тұр. Шаһардағы А.П.Чехов атындағы кітапхананың кітапханашылары ашық аспан астында дүйсенбі-сенбі аралығында сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін кезектесіп жұмыс істейді. Мұнда жасы үлкен қариялардан бастап, студенттер, мектеп оқушыларына дейін келетін көрінеді. Тіпті, Чехов кітапханашылары буккроссингтің жанында елге белгілі ақын-жазушылармен кездесулер, әдеби кештер ұйымдастырып тұрады. Әрине, қас қарайған сәтте буккроссингтің аузына құлып салынады. Ондағы кітаптар бейберекет шашылып, қадірсіз қалмауы керек, ертең келіп оқитын оқырмандарын осында күтеді. Мұнда әлемдік классиктердің шығармаларынан бастап, отандық әдебиеттің мүйізі қарағайдай жазушыларының туындыларын таба аласыз.

– Бұл жерге кез келген оқырман кез келген уақытта келіп, өзіне қалаған кітаптарды алып кетіп, оқи алады. Ақысыз. Егер ұнатса, өзіне қалдырады. Ал оның орнына өзінің оқыған кітаптарын әкеліп қоя алады. Сондай-ақ, буккроссингтің жанында отырып та оқуға мүмкіндік бар. Мұнда оқырман билеті толтырылмайды. Мұны ашық аспан астындағы бейнебір жанды кітапхана деуге болады. Біздің мақсатымыз – кітаптарға екінші өмір сыйлау. Олардың парақтарын шаң баспағанын қалаймыз. Алматылықтар мен қала қонақтарына рухани азық болса екен дейміз, – дейді А.П.Чехов атындағы кітапхананың кітапханашысы Айгүл Баулабаева.

Р.С. Бүгінде Алматыда осындай тағы екі буккроссинг жұмыс істеп тұр. Бірі – «Ганди», ал екіншісі «Қарағайлы» паркінде. Кітапханаларға арнайы баруға ерінсеңіз немесе уақыт таппай жүрген болсаңыз, тым болмаса саябаққа отбасыңызбен, әлде достарыңызбен, әріптесіңізбен, әлде сүйіктіңізбен серуендеуге келесіз ғой. Сонда, «Жақсыны – көрмекке» деген, осы «кітапханаға» кіре кетіңіз, өкінбейсіз.